Многими исследователями определена взаимосвязь возможности к саморазвитию с имеющимся уровнем рефлексивных навыков. С помощью развитых интеллектуальных, коммуникативных, кооперативных рефлексивных умений можно не только управлять собственной профессиональной деятельностью, но и создавать благоприятные условия для самообразования и самовоспитания [1].

Учителя каждый день сталкиваются с вызовами, потому что современные ученики уже не такие, какие приходили пять или десять лет назад. Если учитель не склонен к рефлексии, то его преподавание

будет однообразным. Учителю важно размышлять над своей практикой, чтобы повышать ее эффективность. В связи с этим определена необходимость выявления способов поддержки педагогов для развития их рефлексии. Нами была разработана «Форма рефлексии по уроку», поэтому гипотеза исследования состояла в том, что использование данного инструмента и обратной связи экспертов будет способствовать развитию рефлексивных навыков педагогов.

Рефлексия является важным компонентом теории обучения взрослых и модели профессионального развития. Как показал обзор 35 исследований, проведенный Linda Darling-Hammond (2017), в тридцати четырех из них было указано, что профессиональное развитие включало поддержку рефлексии преподавателей об их практике [2].

Исследование, проведенное с участием 347 учителей Республики Татарстан и Поволжья, подтвердило, что большинство учителей осознают свои трудности в преподавательской деятельности. Каждый третий учитель максимально оценивает свои знания в области теоретических основ педагогической рефлексии, в то же время каждый второй испытывает значительные трудности в осуществлении рефлексивной деятельности, особенно в проектировании своего саморазвития на будущее. В целом и опытные, и молодые учителя испытывают трудности при выделении противоречий, систематизации проблемных ситуаций, проектировании своего саморазвития на будущее, а также в творческом решении исследовательских задач в педагогической ситуации и в прогнозировании возможных трудностей для учащихся (Биктагирова и др. 2021) [3].

В отчете «Новая Америка» Tooley и Connally (2016) были выявлены препятствия для эффективного профессионального развития и сделан вывод о том, что существуют четыре области, в которых необходимы улучшения для повышения эффективности в развитии профессиональной практики. Это определение потребностей в профессиональном развитии, выбор и внедрение эффективных подходов, оценка результатов профессионального развития [4].

В ходе исследования были использованы следующие методы: теоретические (изучение литературы, качественный и количественный анализ, синтез, сравнение, постановка проблемы, построение гипотезы), эмпирические (изучение документов и результатов деятельности, наблюдение, тестирование, опрос, экспертная оценка).

Оценивая обучение учителей на курсах повышения квалификации и результаты аттестации, пришли к выводу, что у учителей недостаточно развиты рефлексивные навыки. Анализ результатов за два года (2019 и 2020 гг.) подтверждает, что около 50% учителей нуждаются в постоянной поддержке для развития навыков рефлексии.

Выявлено, что педагоги затрудняются оценивать эффективность использованных методов обучения, формулировать выводы и на их основе планировать конкретные действия для развития собственной

практики и поддержки практики коллег. На основании полученных результатов был сделан вывод о том, что у педагогов еще не сформировались устойчивые навыки рефлексии, необходима разработка инструментов, позволяющих выйти на более высокий уровень рефлексии.

В 2021 году проведена диагностика уровня развития аналитических и рефлексивных навыков 178 педагогов [5]. Диагностика показала уровень аналитичности мышления выше среднего у 22% участников, средний – у 32%, ниже среднего – у 46%. Уровень рефлексивности мышления выше среднего продемонстрировали только 23% участников, средний уровень у 64%, ниже среднего у 13% учителей.

В целях поддержки рефлексивной практики нами разработан инструмент «Форма рефлексии по уроку», представляющий собой таблицу, в которой структурировано представлены вопросы и рекомендации для рефлексии по уроку, предусматривающие разный уровень развития навыков – от описания до формулирования выводов и планирования действий по развитию практики.

Опрос показал, что для 17,2% учителей в форме важны были вопросы, для 6,9% - утверждения, и 75,9% указали, что полезны были и утверждения, и вопросы. К примеру, относительно применения различных методов обучения, направленных на достижение целей обучения, предлагались следующие вопросы и утверждения: «Какие методы обучения реализуются на уроке? Опишите использованные методы обучения» (описание), «Почему выбраны именно эти методы обучения? Как они способствуют достижению целей обучения учащимися с разными способностями? Объясните, как методы обучения способствовали достижению целей обучения учащимися с разными способностями» (объяснение), «Каковы сильные и слабые стороны использованных методов обучения для данного урока в соответствии с целями обучения, вопросом Lesson study или Action Research? Обоснуйте эффективность использования методов обучения для достижения учащимися целей обучения» (обоснование), «Как использование данных методов обучения способствует достижению ожидаемых результатов Lesson study или Action Research? Сделайте вывод о влиянии использованных методов обучения на достижение учащимися целей обучения, целей Lesson study/Action Research (формулирование выводов).

Анализ форм, представленных учителями, показал прогресс в развитии навыков рефлексии у 76% участников. Они более детально обдумывали, какие методы обучения и инструменты оценивания наиболее эффективны для разных категорий учащихся, и почему именно эти методы и инструменты позволяют добиваться лучших результатов. 62% учителей улучшили навык обоснования, смогли не только проанализировать, как было организовано обучение учащихся

на конкретном уроке, но и обосновать выбранные методы обучения и инструменты оценивания, исходя из способностей учащихся, в соответствии с целями обучения. 38% учителей улучшили навык формулирования выводов. Данный навык связан с умениями устанавливать причинно-следственные связи, обобщать понятия, сравнивать, делать логические умозаключения. По результатам анализа был сделан вывод, что не все вопросы имели одинаковую ценность. На некоторые из них учителя затруднялись давать хорошие ответы и комментарии. Особенно это касалось области оценивания, когда учителям предлагалось проанализировать сильные и слабые стороны использованных инструментов, в том числе цифровых приложений для организации самооценивания, взаимооценивания, а также обосновать их эффективность для конкретного урока.

На следующем этапе исследования был проведен опрос, который выявил, что 80% считают использование «Формы рефлексии по уроку» эффективным, 93,1% указали на конструктивность обратной связи эксперта. 89,7% учителей продолжили использовать предложенную форму на практике. 79,3% участников подтвердили, что использование предложенной формы улучшило навыки самоанализа урока.

По результатам исследования было отмечено, что 23,8% участников улучшили навыки объяснения, при этом 20,7% участников через полгода самостоятельного использования форму рефлексии подтвердили, что их навыки были улучшены. 61,9% участников смогли улучшить навык обоснования, при этом 72,4% опрошенных подтвердили, что их навыки усовершенствованы. Если относительно оценивания навыков объяснения и обоснования мы видим корреляцию результатов оценивания и самооценивания, то относительно умения формулировать выводы были получены значительно отличающиеся друг от друга результаты. Оценивание показало, что 38,1% учителей улучшили данный навык, при этом результаты самооценивания говорят о 69%. Также 79,3% учителей утверждают, что улучшился их навык прогнозирования изменений. Почему результаты оценивания и самооценивания не совпадают? Можно предположить, что результаты самооценивания недостаточно корректны, потому что учителя ошибочно принимают за выводы обобщенные суждения, не основанные на результатах анализа и оценки.

Рефлексивная практика признает важность диалога для обучения, подчеркивает важность совместных усилий для достижения общих целей и призывает учителей быть активными учениками в обучении. Совместное действие посредством размышлений делает учителей эффективными, потому что эффективное преподавание требует, чтобы учителя обладали различными познавательными и социальными способностями высокого уровня, такими как общение и работа в команде (Престон, 1996).

Учитывая выводы, сделанные по результатам исследования, считаем, что выбранные способы поддержки педагогов являются эффективными. Это подтверждают и современные исследования: основными способами развития рефлексивных навыков считают обратную связь В. Титце и др. (2018), Doan (2013), ведение рефлексивных записей, Lefebvre (2013)), наставничество (Doan (2013), Thornton (2015), опросы и интервью (Lefebvre (2013), анализ видео, Pirard (2013), Lefebvre (2013), Coffey (2014), Archer (2017)), оценивание собственной практики Pirard (2013), Lefebvre (2013)). Shon (1996), Raban, Nolan et al. (2005), Costa, Kallick (2008) предлагают использовать сразу несколько способов для развития рефлексии при сопровождении педагогов и повышении их квалификации [6].

Хэд и Тейлор (1997) считают, что «повышение квалификации учителей — это рефлексивный подход к тому, что мы делаем как учителя, и на каком бы уровне опыта мы это ни делали». Поэтому, будучи учителем, нужно размышлять над опытом или действиями, которые совершаются для своего роста. По мнению Петуховой Н. (2017) и ряда других исследователей ведущим фактором в развитии профессиональной рефлексивности учителя становятся специально организованные условия обучения, основанного на аналитическом осмыслении им своего практического опыта [7].

В настоящий момент нами разработана программа дистанционного курса для учителей по развитию рефлексивных навыков. Учителям будут предложены инструменты диагностики уровня развития рефлексии, способы развития рефлексивных навыков и практические кейсы по планированию, преподаванию и оценивания. Данный курс позволит учителям развить навыки использования видеозаписей, журналов, чек-листов для улучшения наблюдения. Развитие рефлексивных навыков напрямую связано с профессиональным развитием, поэтому данный курс будет еще одним звеном в непрерывном образовании, которое получает учитель. Atilla Çimer, Sabiha Odabaşı Çimer, Gülşah Sezen Vekil оценивают курсы для развития рефлексии как эффективные способы саморазвития учителей и совершенствования их практики [8].

### **Литература:**

1. Ушева Т.Ф. Организационные основы для формирования рефлексии будущих педагогов // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. 2013. – № 3 (24).
2. Linda Darling-Hammond, Maria E. Hyler, and Madelyn Gardner, with assistance from Danny Espinoza. Effective Teacher Professional Development. 2017.
3. Биктагирова Г.Ф., Валеева Р.А., Наговицын Р.С. Рефлексивный учитель. Основные трудности рефлексивной деятельности учителей с различным опытом педагогической работы. Европейский журнал



современного образования E-ISSN 2305-6746, 2021, 10(1): 18-28 DOI: 10.13187/ejced.2021.1.18.

4. Fariba Mirzaeia, Fatin Aliah Phangb, Hamidreza Kashefic. Measuring Teachers Reflective Thinking Skills. URL: [https://www.researchgate.net/publication/270846070\\_Measuring\\_Teachers\\_Reflective\\_Thinking\\_Skills](https://www.researchgate.net/publication/270846070_Measuring_Teachers_Reflective_Thinking_Skills) (дата обращения: 02.02.2022).

5. Пашукова Т.И., Допира А.И., Дьяконов Г.В. Практикум по общей психологии: учебное пособие для студентов педагогических вузов - М.: Издательство «Институт практической психологии», 1996. С. 33-37.

6. Шиян, О.А. Средства развития профессиональной рефлексии педагогов дошкольного образования / О.А. Шиян, А.Н. Якшина, С.А. Зададаев, Т.Н. Леван // Современное дошкольное образование. - 2019. - № 4 (94). - С. 14-35.

7. Петухова Н.В. Развитие профессиональной рефлексивности педагогов образовательной организации / Магистерская диссертация [Текст]. ФГБОУ ВО «Уральский государственный педагогический университет». Екатеринбург, 2017 г. С. 31.

8. Atilla Çimer, Sabiha Odabaşı Çimer, Gülşah Sezen Vekil. How does Reflection Help Teachers to Become Effective Teachers? // International J. Educational Research, 2013, Vol. 1, Issue 4.

### **3.8. Жеке тұлғаның ой-санасының қалыптастыру деңгейін анықтау**

#### **Алия Тулкібаевна Утебаева**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

Кафедра «Педагогика», Шымкент университеті  
(Шымкент қ., Қазақстан)

#### **Раушан Асыкбаевна Султанова**

Магистр, аға оқытушы. Кафедра «Педагогика»,  
Шымкент университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

#### **Венера Бериковна Тогаева**

Магистр, аға оқытушы. Кафедра «Педагогика»,  
Шымкент университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

#### **Гулнур Аблахатқызы Джамашова**

Магистр, оқытушы. Кафедра «Педагогика»,  
Шымкент университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

#### **Мадина Габитовна Кошкарлова**

Магистр, аға оқытушы. Кафедра «Педагогика»,  
Орталық Азия Инновациялық университеті  
(Шымкент қ., Қазақстан)

Жеке адамның қалыптасуы - күрделі, ағзаның өсуі мен жетілуін, мақсатты, ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты

процесс. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Сондай-ақ жеке адамның дамуы деген ұғымды анықталық. Даму ұғымына ағзаның өсуі мен пісіп жетілу процесін жатқызады. Бұл процестер психикалық дамумен өзара тығыз байланыста өтеді, оған ықпал жасайды, бірақ адамның жеке адам ретінде қалыптасуын белгілеп бере алмайды. Жеке адамның дамуы - бұл оның рухани өсуінің, жетілуінің процесі жеке адам үшін елеулі болып табылатын барлық сфераларды іс-әрекетте, өзін қоршаған құбылыстарға, адамдарға деген қарым-қатынасқа, танымдық процестерінде болатын сапалық өзгерістер процесі. Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз — оның өзіне тән мінез-құлпындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі өсіріп-білген құбылысқа деген көзқарасын, ой-пікірін білдіруі заңды құбылыс. Мәселен, біреулер - айналасындағы құбылысқа таңдана, тамашалай қараса, енді біреулер - сын көзімен қарап, ой-қорытуы, сын пікірлер айтуы мүмкін. Адамдардық қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әр түрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Жеке тұлғаға тән қасиеті - ақыл, ес, яғни, өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып білу - миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады. Жеке тұлғаның еске сақтауы өзге адамдардық тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоңып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады. Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада адамның өзін-өзі тәрбиелеуі деп атайды. Басқалардың өнегелі іс-әрекетінен үйрену, оны өзінің жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңы. Тұлға — жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойын, еркін іске асыруға дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз - адамның өзіне тән қасиеттерін іске асыруы. Адам ойына келген іс-әрекетті іске асыруда ерікке жол береді. Бірақ адам бір нерсені істерде алдымен еркін ақыл-парасат таразысына салып, оны іске асыру жөн бе, басқалар оған қалай қарар екен? - деген ойға қалады. Ерік-жігердің іске асырылуы ақыл мен санаға бағынышты. Өмірде кейбір адамдар бір іс-әрекетті іске асырарда өте байыппен қарап, осының нәтижесі қалай болар екен деп "мың ойланып, жүз толғанып" іске кіріседі, ал кейбіреулер бірден ойына

алғанын апыр-топыр іске асырып, кейін опық жеп жатады. Осының бәрі адамның ерік-жігер күшінің түріне байланысты. Тұлға дегеніміз - сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Алайда, әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреу іштей булығып, көгеріп-сазарып, тас-түйін болып қатып қалады. Бұл әр тұлғаның эмоциялық сезімі өзін-өзі ұстай алу еркіне байланысты құбылыс. Адамның даму және қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар орын алып келеді. Атақты грек философы Аристотель адамның дамуын, алдын-ала тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді. Аристотель құл болушылық немесе бағынушылықты табиғаттың заңы дейді. [1]. Тәрбиенің бала дамуындағы рөлі. Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі - тәрбие. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардық іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Тәрбиенің рөлін педагогика тарихында, аса артық бағалаушылар да болды. Бала өмірге келгенде, оның жаны сүттей ақ, судан таза, сондықтан тәрбиеші өзіне керек адамды жасап алады деп, тәрбиенің рөлін аса дәріптеп, тұқым қуалау мен әлеуметтік ортаның баланың қалыптасуындағы рөлін онша бағаламады. Демек, олар тәрбие арқылы адам баласының тұрмысын жақсартуға және санасын өзгертуге болады деген жорамал ойға келді. Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп, оның жақсы дамуына қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады. Тәрбие жұмыстарының сара жолдарын табу нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңейеді, эстетикалық сезімі мен талғамы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады. Баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішінен тәрбие адамның дамуына орасан күшті ықпал етіп, тұқым қуалаушылық пен ортаның ықпалына белсенді әсер етіп, баланың дамуын қоғам талаптарына сәйкес бағыттап, белгілі бағытта баланың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, ортадағы жағдайлардан тұлға дамуына қажетті материалдарды іріктейді, жеке бастың дамуына теріс, зиянды әсер қалдыратын жағымсыз ықпалдардан аластайды. Осы тұрғыдан келгенде тәрбие аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол — баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Тәрбие негізгі күш болғандықтан, оның жетімсіздігі, әлсіздігі баланың қалыптасуына кері әсер етеді. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін

олардың жас және дара ерекшеліктерін білу қажет. Мектептегі кезеңнің өзі бастауыш (6-10 жасқа дейін), тоғыз жылдық (10-15-ке дейін), орта мектеп оқушылары (15-18-ге дейін) болып үшке бөлінеді. Баланың дене дамуындағы ең маңыздысы - орталық жүйке жүйесі, өйткені адамның психикалық әрекеттері осы орталық жүйке жүйесіне байланысты болады. Балалардың дене және психикалық дамуында соңғы жылдары айқындалған күрделі өзгерістердің бірі - ағзаның жедел дамуы. Бұл құбылыстарды акселерация (латынша "дәлелдеу") деп аталады. Акселерацияға тән ерекшелік: балалардың бойының, салмағының бұлшық еттерінің жедел түрде өсіп жетілуі. Акселерация құбылысы тұрғысынан қарағанда қазіргі жеткіншек балалардың бойы биік, иықтары қысыңқы, кеудесі қысқа, аяқтары ұзын келеді. Күні бұрын тез жетілген ағза ауруға, суыққа және дене салмағына төзімсіз келуі анықталуда. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету - мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім оқушының білімге, өнерге қызығушылық ынтасын, спорт ойындарына құштарлығын анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеуге жүргізілетін жұмыстардың тақырыптарын ақыл-ой, құлық, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен ұштастырып алады. Баланың өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін қоғамдық жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы дамытуға болады. Мысалы: сынып старостасы, тазалық комиссиясының төрағасы болу, т.б. Осындай тапсырмаларды сапалы дер кезінде орындап отыруға балаларды үнемі жаттықтыру мен дағдыландыру мұғалімнің және тәрбиешінің төл ісі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, барлығын тапсырмалармен, яғни, түрлі қоғамдық іс-әрекеттермен қамтамасыз ету керек. Егер тапсырма балаға бұйрық есебінде немесе көтеріңкі дауыспен берілсе, онда ол іштей наразылық білдіріп, тапсырманы орындамай аяқсыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан мұғалім әр уақытта өзінің ілтипатты және ұстамды болуын естен шығармай, тапсырманы тыңғылықты орындау үшін балаға рухани күш беріп, сенім білдіреді. Кейбір баланың еріктік қасиеттері тұрақсыз болады. Ол бірінші қиыншылықты сезісімен-ақ; қоғамдық тапсырманы орындаудан бас тартады. Мұндай сангвиник балаға көмек бере отырып, оның намысына тимей, тапсырманы орындауын табандылықпен талап ете білу керек. Сонда ғана баланың ісінде жаңа қарқын туып, ол алдына қойған мақсатын орындаудық қажет екенін сезінеді. Адамның еңбекте және адамдармен қарым-қатынаста көрсетсең белсенділігіне қарап оның қоғам және ұжымға жарамдылығын жете анықтау мұғалімнің басты міндеті. "Бала ой-өрісінің дамуы түрліше болып, әлеуметтік ортасына қарай олардың ойы, зердесінің деңгейі біреуде жоғары, біреуде төмен болады," - деген тұжырымдарды жалған деп есептелуі. Е.С. Выготский де өз зерттеулерінде педологиялық тұжырымдарға жүгініп отырған. [2].

Жас ерекшеліктері туралы ұғым. Белгілі кезеңдерге бөлінуі. Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің үштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Баланың жасы өскен сайын бойлары өсіп, денелері тұлғаланып, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды. Балалардың жас ерекшелігін есепке алу, Оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Қоғамда атқаратын рөлі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз. Ал, қалыптасу дегеніміз - адамның жеке басының дамуы мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, саналы өмір сүруге дайын болуы. Ұрпақ жалғастыру - бүкіл тіршілік дүниесінің эволюциялық жемісі. Адам өзінің баға жетпес ұрпағы үшін бар жағдайды жасайды. Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтер Я. Коменский, тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруға үндеген болатын. [3]. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге және еңбекке араласуға дайындау міндетін іске асыруда, баланың жеке басын қалыптастыруға әсер ететін тәрбие, қоғамдық, әлеуметтік орта және тұқым қуалаушылық. Перзент сүю - ата-ананың бақыты, олардың қоғам алдындағы табиғи борышы.

#### **Әдебиеттер:**

1. Аристотель философиясы. 3 т. «Әлемдік философиялық мұра», Алматы, 2005.
2. Е.С. Выготский Проблема возраста // Собр. соч.: в 6 т. Т. 4. / Под ред. Д.Б. Эльконина, М.: Педагогика, 1984.
3. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избр. соч.: в 2 т. – М.: Педагогика, 1982.

### **3.9. Шетел тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану тәсілдері**

#### **Тұран Нұқтырбековна Топашева**

Оқу ісіндегі орынбасары, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің бас маманы. № 2 Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылы)



## Лаура Сағатбекқызы Кулмагамбетова

Ағылшын тілі пәні мұғалімі.

№ 2 Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі

(Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылы)

### **Аннотация**

Қазіргі жаһанданған өмірде және техниканың дамыған кезінде заманауи құралдарды пайдалану өте маңызды алғышарттардың бірі. Дамыған шет мемлекеттердің қатарына қосылу мақсатында болашақ кәсіби мамандарды даярлауда – ағылшын тілі сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың маңызы зор. Сондай ақ жаңа технология әдістемелерін практикада қолданудың әдістемесі ұсынылады.

Бүгінгі таңда жоғары мектеп түлегі бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек, бұл жаңа технологияның жалпы дамуының жоғары деңгейін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің, жоғары кәсіби шеберліктің, тәуелсіз шешім қабылдауға қабілеттілікті, стандартты ойлау және өзгермелі жағдайларға бейімді болуын талап етеді.

Жаңа технологияны шет тілі сабағында үйрету әдістері – қазіргі кездегі көкейтесті мәселелердің бірі. Ғаламтор желісінде көптеген шетелдік әдістемелік платформаларды шет тілі сабағында қолдану – бәсекеге қабілетті, елімізді дамыған елдер қатарына қосуға еңбек ететін болашақ ұрпағымызды тәрбиелеп шығаратын бірден бір тиімді жолы.

Ағылшын тілі - қарым-қатынастың ең маңызды құралы, онсыз адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуы мүмкін емес. Қазіргі қоғамдық қатынастардың, байланыс құралдарының (жаңа ақпараттық технологияларды қолдану) өзгерістері мектеп оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін арттыруды, олардың филологиялық дайындығын жетілдіруді талап етеді. Мұның бәрі «Шетел тілі» пәнінің жалпы білім беретін пән ретінде мәртебесін көтереді [1; 165].

**Тірек сөздер:** инновация, технология, ғаламтор, коммуникативті, ресурс, сайт, сандық, қашықтықта білім беру, әдістемелік бағдарлама, электронды пошта.

### **Annotation**

*In today's globalized world and with the development of technology, the use of modern tools is one of the most important prerequisites. It is important to use new innovative technologies in the training of future professionals - English lessons so that to join the ranks of developed countries. There is also a methodology for the practical application of new technologies.*

*Today, high school graduates must be competitive, in demand in the labor market, which requires a high level of general development of new technologies, information and communication competence, high professionalism, independent decision-making, standard thinking and adaptability to changing conditions.*

*Methods of teaching new technologies in foreign language lessons are one of the most pressing issues today. The use of many foreign methodological platforms in foreign language classes on the Internet is one of the most effective ways to educate our future generation, who will work to make our country a competitive, developed country.*

*English is the most important means of communication, without which the existence and development of human society is impossible. Changes in modern public relations, means of communication (use of new information technologies) require increasing the communicative competence of schoolchildren, improving their philological*

*training. All this raises the status of the subject "Foreign Language" as a general education subject [1; 165].*

### **Аннотация**

*Одной из важнейших предпосылок современного глобализованного мира и развития технологий является использование современных инструментов. В целях вхождения в число развитых государств, при подготовке будущих профессионалов, большое значение имеет на уроках английского языка применение новых инновационных технологий. Существует методика практического применения новых технологий.*

*Сегодня выпускник вуза должен быть конкурентоспособным, востребованным на рынке труда, что требует высокого уровня общего развития новых технологий, информационно-коммуникативной компетентности, высокого профессионального мастерства, способности к самостоятельному принятию решений, стандартного мышления и адаптивности к изменяющимся условиям.*

*Методы обучения новым технологиям на уроках иностранного языка являются одним из наиболее актуальных вопросов на сегодняшний день. Использование многих зарубежных методических платформ на занятиях по иностранному языку, в сети Интернет, является одним из наиболее эффективных способов воспитания нашего будущего поколения, которое будет трудиться, чтобы сделать нашу страну конкурентоспособной и развитой.*

*Английский язык является важнейшим средством общения, без которого невозможно существование и развитие человеческого общества. Изменения в современных общественных отношениях, средствах коммуникации (использование новых информационных технологий) требуют повышения коммуникативной компетентности школьников, совершенствования их филологической подготовки. Все это повышает статус предмета «Иностранный язык» как общеобразовательного предмета [1; 165].*

Қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен талқыланып келе жатқан көкейтесті мәселелердің бірі – ағылшын тілін оқыту барысында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану болып табылады. Уақыт өткен сайын, заман талабы жоғарылаған сайын, білім беру жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, үлкен сұранысқа ие болып отырады. ХХІ ғасырда педагогикалық процесті ізгілендіру және тұлғааралық қатынастарды демократияландыру бірінші орынға қойыла бастаған жоғары білім беру жүйесін жаңа құндылықтарға қайта бағыттауға тұрақты тенденция байқалды [1, 25]. Бүгінгі таңда жоғары мектеп түлегі бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек, бұл жаңа технологияның жалпы дамуының жоғары деңгейін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің, жоғары кәсіби шеберліктің, тәуелсіз шешім қабылдауға қабілеттілікті, стандартты ойлау және өзгермелі жағдайларға бейімді болуын талап етеді.

Мұның бәрі қазіргі кезде педагогикалық іс-әрекеттерді, кез-келген білім беру мекемесінің табысты және оқу іс-әрекетінің маңызды факторларының бірі болып табылатын жаңашыл сипатта болуына әкеледі. Шындығында - бұл инновациялық қызмет, бір жағынан, білім беру қызметтері нарығында мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құруға

негіз жасайды, екінші жағынан, оқытушылар құрамының кәсіби өсу бағыттарын, шығармашылық ізденістерін анықтайды әр мұғалімнің, бұл оқытушылардың жеке өсуіне шынымен ықпал етеді.

Уақыт өте келе заман талабына сай оқу үдерісі де жаһанданып келеді. Жаңа технологиялар дамып, сандық (цифровой) әлемге көшіп келеміз. Жаһанданған сандық әлемде өмір сүру үшін, заман талабына сай болашақ кәсіби мамандарды тәрбиелейтін білім ошақтары да заман талабына сай білім беру жүйесін де жаңартуда. Білім беру жүйесін жаңарту үшін, мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары да заман талабына сай біліктілігі жоғары мамандар болуы шарт. Оқытушылар жоғары білікті болу үшін білімдерін жетілдіретін арнайы курстарға, семинарларға, вебинарларға қатысады, біліктіліктерін арттырады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылдың 10 Қаңтарында Халыққа жолдаған үндеуінде арнайы «Сандық Қазақстан» (Цифровой Казахстан) кешенді бағдарламасының жасалғанын айтты [2]. Осы «Сандық Қазақстан» кешенді бағдарламасы бойынша білім ошақтарында жұмыс жасайтын ұлағатты ұстаздарымыз арнайы ұйымдастырылған біліктілік көтеру курстарына қатысып, сандық білімдерін заман талабына сай жетілдіре алады. Осыған байланысты, соңғы жылдары университетте қазіргі заманғы техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің жаңа тәсілдерін білдіретін ақпараттық технологияларды қолдану кеңейе бастады. Бұл әр түрлі ақпараттық технологиялар мен интернет-ресурстарды пайдалануға байланысты заманауи инновациялық технологиялардың мақсаты.

«Технология» термині грек тілінен “*techne*” – шеберлік, өнер, кәсіп, және “*logos*” аудармасы білім, ғылым деген сөздерден пайда болды. Бұл «Технология» термині алғаш болып 20 ғасырдың 60-шы жалдарынан бастап АҚШ пен Еуропада тарай бастады. Содан кейін бүкіл әлемге тарай бастады. Кейіннен білім беру ошақтарына осы «Технология» термині ене бастады, жоғары нәтижелерге жетудің тиімді әдістерін сипаттайтын ұғым. Соңғы кездері жалпы білім беретін мектептерде, колледж, жоғары оқу орындарында жаңа инновациялық технологияларды қолдану мәселесі көп айтылып келеді. Бұл дәл осы компьютерлендіру және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі болып табылады, бұл білім берудің жаңа жүйесін құруға көмектеседі [3, 11]. Қазіргі кездегі білім уақытпен бірге жүреді және қазіргі заманғы шет тілі сабағы - бұл күрделі білім беру, оны дайындау мен өткізу мұғалімнен үлкен шығармашылық күш-жігерді талап етеді. Бүгінгі таңда шетел тілін оқытуда қазіргі техникалық прогрестің деңгейіне сәйкес тенденциялар дамуда. Ақпараттық технологияларды шет тілі сабағында қолданудың тиімділігі енді күмән тудырмайды. Ғалымдар қабылдау жүйелері оқуға қаншалықты көбірек қатысса, материал соғұрлым жақсы әрі берік игерілетінін атап өтті. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне белсенді енгізу дидактикалық мүмкіндіктерді арттырады, көрнекілік, аудио және видео қолдау мен

бақылауды қамтамасыз етеді, бұл жалпы оқыту деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Оқу іс-әрекетінде компьютерді қолдану «техникалық» инновациялар тобына жатады. Ғаламтордағы көптеген материалдарды шет тілінің сөйлеу әрекетінің түрлері - жазу, оқу, сөйлеу, тыңдауды сабақ үдерісінде пайдалануға болады. Тыңдаушылардың қызығушылығын тұрақтыға қол жетімділік оңай қолдайды және білім берудің ақпарат көздері өзгереді және өседі. Мазмұны ғаламтордағы білім туралы ақпарат гипермәтіндік тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Бұл материалды кез-келген тәртіпте, әр түрлі деңгейдегі білуге мүмкіндік береді, ажырамас белгі және шет тілінің интерактивті бөлігі болып табылады. Осылайша мұғалім ғаламторды оқу процесінде оқушымен бірлескен іс-әрекетіне айналдырады. [4, 96] .

Қазіргі таңда оқу процесінде кеңінен қолданылып жүрген инновациялық тәсілдердің бірі – жобалау технологиясы, бұл сыни тұрғыдан ойлау технологиясындағы мәселелер мен кейбір тәсілдерді шешуге негізделген педагогикалық технологияларды енгізу мүмкіндігі болып табылады [5; 346].

Бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған, оларды өнімді деп санауға болады және оқушының өзін-өзі анықтауы мен ұйымдастыруын, студенттің белсенділігі мен студенттің тілдік тұлға ретінде өзін-өзі қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

### **Инновациялық технологияларды қолданудың өзектілігі**


Білім беру үдерісінде жаңа технологияларды қолдану үшін, оқытушылардың кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта оқытушыларда келесідей құзыреттіліктер болуы керек:

- Педагогикалық құзыреттілік, яғни өз пәні туралы білімді, сонымен қатар педагогика, балалар психологиясы, дидактика білімдерін практикада қолдана білу.

- Пәндік құзыреттілік, яғни өз пәні бойынша білім, білік және дағдыларға ие болу.

- Әлеуметтік құзыреттілік, яғни қоғам өмірімен байланыста болу, ынтымақтастықта болу, әртүрлі өмірлік мәселелерді шеше білу, әлеуметтік жағдайларда мобильді болу.

Қазіргі уақытта құзыретті энциклопедиялық білімі бар маман емес, өз білімін өмірлік жағдайларға қолдана білетін адам деп атауға болады. Жеке қасиеттер бағаланады. Кәсіби құзыреттіліктің (1 сурет) дамуы дегеніміз - жеке, кәсіби қасиеттерді дамытуға, сонымен қатар үздіксіз дамуды және өзін-өзі жетілдіруді қамтитын тәжірибе жинақтауға әкелетін процесс.




Сурет 1. Мұғалімнің құзыреттілігі

Шетел тілі оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы айта отырып, коммуникативті құзыреттілік ең маңызды деп айту керек. Мұнда студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру бірінші орынға қойылады. Оқытушының жетістікке жетуінің басты көрсеткіші студенттердің алған білімдерін практикада қолдану болып табылады.

### Тақырыптың зерттелу деңгейі

Тақырыптың зерттелу деңгейі 1 курс студенттерінің сабақ барысында жүргізілді. Аталған платформаларды арнайы біліктілік арттыру курстарынан сандық, инновациялық және мультимедиа технологияларын үйрендік. Ғаламтор желісінен тікелей пайдаланылатын socrative.com платформасы (2 сурет) қазіргі таңдағы пандемия жағдайында студенттердің үй тапсырмаларын қашықтықтан тексеріп, бағалауға өте ыңғайлы платформа.



Сурет 2. Socrative.com ғаламтор платформасы

Оқытушы алатын бақылау жұмысын алдын ала socrative.com арнайы шаблондарына (3 сурет) теріп, салып, аталған платформаға жүктейді.



2. Question Type:	3. Question:	4. If you selected multiple choice question, enter answers below each column:	5. Options:				
		Answer A:	Answer B:	Answer C:	Answer D:	Answer E:	one or more
10 Multiple choice	If there is an _____ show on TV, I'll watch it. If not, I'll go to bed.	interesting	interested	is interested	are interested	will be interested	A
11 Multiple choice	Sometimes it sounds like they are arguing. Maybe they are just _____ about what they are talking about.	excited	exciting	will be exciting	is exciting	not exciting	A
12 Multiple choice	Choose the correct translation of "подводное плавание"	scuba dive	jumping	skating	skiing	jogging	A
13 Multiple choice	Choose the correct translation of "скалолазание"	rock climbing	cooking	scuba dive	drawing	dancing	A

Сурет 3. Socrative.com платформасына тест сұрақтарын алдын ала жүктеу

Содан соң бақылау жұмысы уақыты болғанда, оқытушы socrative.com “Teacher’s room” ашады, студенттер “Teacher’s room” кіріп, тапсырмаларды орындайды. Аталған платформа тест, бақылау жұмысы аяқталған сәтте, студенттердің балдарын автоматты түрде қойылады. Балдарын студенттерге жіберуге болады.

6 Student Name	Student ID	Total Score (%)	Number of Correct Answer	France is _____ than Switz	Chinese language is _____	June and July are _____	Vegetables are _____
7 Aidana	-	60	9	A. bigger	A. more difficult	E. the hottest	E. the most healthies
8 Almkhanbetova Akerke	-	100	15	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
9 Amir Aliyev	-	80	12	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
10 Asilbek Erke	-	66,67	10	D. the biggest	D. the difficultest	A. hotter	C. the healthiest
11 Asylzat Zholdasbek	-	66,67	10	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	B. very healthy
12 Azhibek Ayazhan	-	73,33	11	C. so big	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
13 Zhnelya	-	26,67	4	D. the biggest	E. very diccicult	B. the most hot	C. the healthiest
14 Maratova Sabina	-	53,33	8	A. bigger	D. the difficultest	A. hotter	E. the most healthies
15 Seitakhmet, Aisha	-	100	15	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
16 Suleimanova Arai	-	66,67	10	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
17 Temirlan	-	93,33	14	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	C. the healthiest
18 Zhumatkankizi Aigerym	-	80	12	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
19 Class Scoring		72,22	10,83	75	75	83,33	

Сурет 4. Socrative.com платформасындағы тест қорытындысы

## Қорытынды

XXI ғасыр - жаңа технологиялар мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға қадам басты. Бүгінгі күні біздің еліміздің болашағы, жас ұрпақ компьютерлердің барлық технологияларын меңгеру арқылы өз жұмысын жақсарта алады. «Білім беру реформасы - бұл Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі», - деді Мемлекет басшысы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы туралы жолдауында [6, 1].

Соңғы жылдары заман талабына сай күнделікті сабақтар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, компьютерлерді, электронды оқулықтарды, тілдік, электрондық байланыс, ақпарат алмасу, ғаламторды пайдалану, электронды пошта, онлайн сабақтар арқылы жүзеге асырылуда. Білім ошағының даму перспективалары қоғам дамып келе жатқанда үнемі өсіп отыратын ақпарат түрімен анықталады. Біздің еліміз жылдар бойы ұмтылған тәуелсіздік арқасында ағылшын тіліне деген ерекше ден қойыла бастады.

Заманымыз жаһанданған сайын, компьютерленген сайын шет тілін оқыту әдістемесін де өзгертетін кез келді. Сондықтан да қазіргі білім беру салаларында ағылшын тіліне деген сұраныс жылдан жылға артып келеді. Сондай ақ заманауи жаңа технологияларды меңгеру талап етіледі.

Қорыта келе, түйіндейтін ой, қазіргі таңда мемлекетіміздің педагогтардың алдына қойған басты мақсаттары:

- ◆ Болашақ ұрпақты тәрбиелеуге оқытушылардың біліктілігін арттыру;

- ◆ Қазіргі заманғы мұғалім - рухани дамыған және әлеуметтік жағынан жетілген,

педагогикалық құралдардың барлық түрлерінің шебері болу;

- ◆ Үнемі жетілдіріліп отыратын білікті маман жаңадан бастаған шығармашылық тұлға болуы керек;

- ◆ Әр оқытушы оқытудың жаңа инновациялық технологиясының әдістерін меңгеріп, білім алушының дамуына бағыттау;

- ◆ Қазіргі заманауи жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын тудыру;

- ◆ Ағылшын тілін үйретудегі инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін теориялық негізде көрсеткендей, тәжірибе жүзінде іске асыру;

- ◆ Жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу;

- ◆ Жаңа технологияларды пайдалана отырып, кәсіби білімді, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық құндылықтарды бағалап, дамытуға қабілетті, рухани бай және адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру.

Осылайша, Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолданып, білім алушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылықтарын арттырудың, рухани дамыған ұлағатты ұстаздың басқа адамдардың дамуына негіз бола алатыны – өте маңызды. Ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзі ұстаздардың алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын айтады. Ал ағылшынның ұлы ағартушысы Уилям Уорд былай «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» дейді [7, 25]. Ұлы адамдардың ұлағатты сөздеріне қарасақ, мұғалімнің бала алдында білім беруде жауапкершілігінің қаншалықты маңызды екенін көреміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сиразеева А.Ф., Валеева Л.А., Морозова А.Ф. «Жоғары оқу орындарындағы шет тілін оқытудағы инновациялық технологиялар» // Ғылым және білім берудегі қазіргі мәселелер. – 2015 жыл. – № 3;

2. [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvary-a-2018-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvary-a-2018-g).

3. Бөрібекова Б.Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

4. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н. «Ағылшын тілі сабағындағы Ғаламтор материалдары» // Мектептегі шетел тілдері журналы. – 2001. – № 1. – с. 96-101.

5. Селевко Г.К. Заманауи білім беру технологиялары. М.: Академия, 2008 жыл – 346 бет.

6. [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan) - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауынан.

7. <https://ppt-online.org/125780> - онлайн бейне-презентация «XXI ғасыр мұғалімі қандай болу керек» - 2020.

### **3.10. Шет тілді оқытудың инновациялық технологияларды қолданудың артықшылығы мен кемшіліктері**

#### **Жайна Убайдуллаевна Сұлтанбаева**

Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр, аға оқытушы  
(Алматы, Қазақстан)

#### **Наталья Славиковна Нам**

Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр, оқытушы  
(Алматы, Қазақстан)

#### **Айгерим Сейдалиевна Жұмабаева**

Абай атындағы ҚазҰПУ, оқытушы  
(Алматы, Қазақстан)

#### **Түйін**

*Біздің жаһандану әлемінде физикалық шекаралар мен шектеулердің маңыздылығы қазір дамыған елдерде тек символикалық деңгейде есте қалды. Тілдерді оқыту мен аударма ісіндегі дамумен қатар мәдениеттер арасындағы конвергенция біртіндеп үдей түсті. Адамдардағы азаматтықтың біртұтас сезімі әлем азаматы болу идеясына өз орнын қалдырды. Әрине, осы дамулардың негізінде шет тілін тез және ыңғайлы түрде үйренудің тәсілдері кең таралып жатыр. Бүгінгі таңда технологияларды қолдану біздің өміріміздің көптеген салаларында өз жұмысымызды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Әрине, тілдік білім де өз үлесін алады. Тілдерді оқытуда технологияны қолдану көптеген салада оқытушыларға да, студенттерге де ыңғайлылықты қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда, инновациялық оқыту дамыта оқыту сияқты технологияларға негізделген; проблемалық оқыту; сыни тұрғыдан ойлауды дамыту; оқуға сараланған тәсіл; сыныпта сәттілік жағдайын құру. Инновациялық оқытудың негізгі принциптері – шығармашылық (шығармашылыққа бағыттау), жүйеде білімді игеру, дәстүрлі емес сабақ формалары, көрнекілікті қолдану әдетке*

айналуға. Білім сапасын арттыру үшін мұғалімдер білім беру технологияларын белсенді қолданады жаңа стандарттар: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мақсат қою технологиялары, модерация технологиясы, оқытудың белсенді әдістері технологияларын қолдана отырып оқытудың маңыздылығы жәйлы осы мақалада сөз қозғамақпыз.

**Мазмұны:** мақала білім беру саласындағы инновациялық технологиялардың рөлін ашады және инновациялық оқытудың артықшылықтары мен принциптерін талқылайды. Шет тілді оқытуда бірнеше стратегиялар ортаға қойылды. Қашықтықтан оқытудың тілге пайдасы.

**Түйінді сөздер:** инновациялық технологиялар, технологиялық карта, оқыту әдістемесі, тиімділік, артықшылығы, кемшіліктері.

### **Abstract**

*In our globalized world, the importance of physical boundaries and constraints that is now remembered only in a symbolic way in developed countries. Along with the development of language teaching and translation, the convergence between cultures has gradually increased. The common sense of citizenship in people has given way to the idea of becoming a citizen of the world. Of course, based on these developments, ways to learn a foreign language quickly and easily are becoming more widespread. Today, the use of technology allows us to simplify our work in many areas of life. Of course, language skills also play a role. The use of technology in language teaching provides convenience for both teachers and students in many areas. In this context, innovative learning is based on technologies such as developmental learning; problem-based learning; development of critical thinking; differentiated approach to learning; creating a climate of success in the classroom. The main principles of innovative teaching - creativity (creative orientation), the acquisition of knowledge in the system, non-traditional forms of lessons, the use of visual aids are becoming commonplace. In order to improve the quality of education, teachers actively use educational technologies, new standards: information and communication technologies, goal-setting technologies, moderation technologies, the importance of teaching using technologies of active teaching methods.*

**Content:** the article reveals the role of innovative technologies in education and discusses the benefits and principles of innovative teaching. There are several strategies for teaching a foreign language. Benefits of distance learning in language.

**Keywords:** innovative technologies, technological map, teaching methods, efficiency, advantages, disadvantages.

Біздің елімізде тілдік сыныпта орта есеппен 30-40 оқушы оқиды. Кейбір жеке мектептер мен іргелі университеттерде бұл сан 15-20 аралығында болуда. Шет елдерде мектеп оқушылары 10-15 арасында, жоғарғы оқу орындарында және тіл үйрететін мекемелерде бұл сан 8-10 арасында болады. Басқаша айтқанда, біздің елде тілдік сыныптарда оқытындар саны айтарлықтай көп. Егер сыныпта бала саны аз болса оқытушының әр балаға көңіл бөлуі қолайлы болмақ. Осыған қарамастан көптеген мектептер мен тәрбиешілер технологияны кеңінен қолдануға тырысуда. Әрине, технологияны кеңінен қолданудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болуда. [1]

Алдымен технологияны пайдалану үшін, технологияға деген қызығушылықтарын арттырып «технологияны қолданатын мұғалім» атағына ие болу керек. Заман ағымына сай сабақ барысында дамыған

технологиялық бағдарламаларды қолдану мәселесі негізгі құрал болғаны қажет. Бағдарламаларды жаттығулармен, айтылымдармен, грамматикалық сөйлем құрылымдарын қалыптастыру мақсатында, жаттықтыру бағытында қолданған абзал. Ал, интернеттегі дайын нұсқадағы жаттығуларды көшіріп, оны оқытушыларға сабақ барынысында қолдану қателік екенін әр оқытушы біледі. Сыныпта оқышылармен салауатты диалог құра алмайтын мұғалім үй тапсырмасын бергенде ғаламтор арқылы дайын материалдарды көшіріп пайдалануы және мұндай ұсыныстар беруі дұрыс емес. Бұл әрекет оқышының ой-өрісін дамытуын бәсеңдетеді. Оқышының берілген тапсырманы оқуға деген құштарлығын төмендетеді. Яғни, ізденуші аса күш салып білімге құштарланбай, дайын нәтижені көшіріп бере салады. Ондай білім тез естен шығады. Ал ізденіспен жасалған жаттығулар әрдайым есте қалып отырады.

Сонымен бірге, балада жамандық пен жақсылық сияқты қасиеттерді түсініп, оның қайсысы дұрыс не бұрыс екендігін ұға бастайды. Бала ағат істерінің нәтижесінде бүкіл сынып алдында жауап беру керектігін түсініп теріс қылықтар мен ұялуға апаратын іс-әрекеттерді жасамауға тырыса бастайды. Осы кезде мұғалім тәжірибелі, шебер болса оқушылардың ағат қылықтарын аса сабырлылықпен қабылдап, байсалдылықпен шешу қажет. Оқу үрдісінде ой операциялары да жүзеге асады. Заттарды елестету бойынша оңай салыстырады. Кейде оларда абстрактылы ұғымдарды ұғымдарды салыстыру байқалады. Осы жаста оқушы өз ойын ана тілінде дәйекті тұрғыда түсіндіре алады.

Оқушы тілінің дамуы ересектермен қарым-қатынаста жылдам дамиды. Оқушы бойында ішкі сөйлеу қалыптасады. Сөйлеудің коммуникативтік, сигнификативтік функцияларын қолдана алады. Бұл жаста ойын орнын оқу әрекеті басқандықтан, оқушыда психикалық, бейімдеушілік біртіндеп қалыптасуы тиіс. Себебі ойынға қарағанда оқу әрекетінің мақсат, талабы күрделі болып табылады. Сонымен қатар, жаңа орта мен мұғалімге бойы үйренуі үшін уақыт керек. Кей оқушылар тез үйрнеде. Кейбірі оқу жұмысының әр саласын өте баяу қабылдайды. Сондай ақ, олардың сабақ үлгерімі, белсенділігі әртүрлі болып келеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушы көп уақытқа дейін сабақ тапсырмаларын қалай орындау қажеттігін түсіне бермейді. Олар берілген тапсырманы бірден жаттап алғысы келіп тұрады. Бұл оның

жаттауға төселгендігі емес, қалай орындау керектігін түсінбегендіктен, оны әлі ешкім түсіндірмегендіктен осылай жасайды.

Мұғалімнің кез-келген тапсырмасына оқушы сенгіш орындаушы ретінде қарайды. Мектепте оқушының зейіні танымдық іс-әрекеттерді атқаруда өте күшті әсер етеді. Ол өзінің күшін қай бағытқа бұру керектігін түсінбейді. Себебі кіші мектеп жасындағы оқушы толығымен қалыптаспаған қоғам мүшесі. Оқушы бастауыш сыныптан бастап оқуды қалай жақсы оқуға болады деген сұрақ мұғалім алдында емес мектеп ұжымының басты мәселесі ретінде күн тәртібінде тұрады. Сол себепті қазіргі кезде педагогикалық әдебиеттерде оқытудың тиімдігін арттыру принциптеріне негізделген әдіс-тәсілдер, технологиялар, авторлық идеялар, жобалар ұсынылуда.

Қазіргі кезде оқушының ойлауы мен сөздік қарым-қатынасын жақсартуға байланысты ұсыныстар көптеп берілуде. Әл-Фараби өз еңбектерінде: «қандай ғылым болмасын, оның дербес мәндерін ұғу - көңілге ұялату деген сөз» демекші кейде ұғым, түсініктерді жанама да қабылдау да орын алып жатады. Оқу әрекетіне оқушы біртіндеп қалыптасады. Ойынға қарағанда оқу әрекетінің талабы күрделі. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйренуі үшін уақыт керек. Сондай ақ, оларды сабақ үлгерімі, белсенділігі әртүрлі болып келеді. Кіші мектеп жасындағы берілген тапсырманы бірден жаттап алғысы келіп тұрады. Бұл оның жаттауға төселгендігі емес, қалай орындау керектігін түсінбегендіктен, оны әлі ешкім түсіндірмегендіктен осылай жасайды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың денесі едәуір дамып, бұлшық еттері мен шеміршектері, қаңқа сүйектері нығайып, арқа бел бүгілістеру дамиды. Бұлшық еттері шапшаң дамиды. Ми бөліктері де үлкен өзгеріске ұшырайды. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене дамуы олардың морфофункционалдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Күнделікті жасалатын үздіксіз дене жаттығулары, секіру, жүгіру, лақтыру, сияқты жаттығулар оқушылардың дене белсенділігінің артуына оң әсер етеді.

Бала ағзасының сандық және сапалық көрсеткіштерінің арту жылдамдығы осы кезеңде байқалады. Кіші мектеп жасындағы оқушылар дамуы дене ұзындығы жағынан орта есеппен 1 жылда 4-5 см және салмағы 2-3 кг артып отырады. Кеуде тұсының даму шеңбері 2-3 см болады. Бұл жас кезеңінде ер балалар мен қыз балалардың дене дамуы шамамен бірдей болады. Кіші мектеп жасындағы оқушының денесінің иілгіштігі, бұлшық еттерінің, сіңірдің тартылғыштығы өте жоғары деңгейде болады. Жамбас сүйектері тек 7-8 жастан бастап қана өсе бастайды.

Бұлшықеттері әлсіз, алайда бұлшықеттерді дамыту әлдеқайда жылдам жүреді. Дене күші 20-30 пайызға өседі. Бұлшық етте судың артықшылығы мен ақуыздар мен майлардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл жаста жеке бұлшық еттің өсімталдығының кейбір сәйкессіздігін

байқауға болады. Дененің, аяқтың, иық белдеуінің ірі бұлшық еттері, сүйек бұлшық еттері таанға қарағанда тезірек дамиды.

Осы себеппен майда бұлшықеттердің көмегімен орындалатын жаттығуларды қиындықпен орындайды. Осы кезеңде вегетативті қызметтің жас мқлшері дамуы бірдей байқалмайды. Маңызды вегетативті тыныс алу, жүректамырлары жүйелері, бүйрек, қан тамырлары бір-біріне қатнасы бойынша әртүрлі дамиды. Бала алғаш мектепке барғанда бейімделу кезеңінен өтеді. Кіші мектеп жасындағы балалар аса сезімтал, психологиялық жағынан эмоционалды болып келеді. Көбінесе балалар аңқау, жайдары, сенгіш, сергек болып келеді. Олар барлық нәрсеге таңқалып, таңданысын жасыра алмай көрсетіп отырады. Сонымен қатар, кез-келген бастамаға жаны құмар, өз белсенділіктерін өте жоғары деңгейде көрсетеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушысының өзін қоршаған әлемді тануға деген құлшыныс жоғары болған сайын, оның білуге деген құштарлығы аса жоғары болып, қоятын сұрағы көп баолды. Оны қоршаған ортақұбылыстары қызықтырады. Оқушының эгоцентризмі басым болады. Эгоцентризм – оқушының өзін ойлауы, зейіні мен ойлауын тек өзіне ғана бағыттауы. Сондықтан да, кіші мектеп жасында,ы оқушының оқу әрекетін ұйымдастырып, бағыттап отыру керек.

Оқушы білімінде жүйеліліктің жеткіліксіздігі, ұғым, түсініктердің, тәжірибесінің төмендігі ойлау жүйесінің төмендігіне әкеп соқтырады. Жас ерекшелігіне сай логикалық ойлау қабілеті танымдық белсенділігін айқындайды. Кіші мектеп жасындағы оқушының психологиялық-физиологиялық даму ерекшеліктері мектепке оқу процесіне араласуынан бастап үлкен өзгеріске түсетіндігі байқалады. Демек, оқушының психологиялық-физиологиялық дамуы жас ерекшелігіне тікелей тәуелді болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бекмагамбетова Р.К. Основы возрастной педагогики. Учебное пособие. -Алматы: Альманахъ, 2021. – 171 с.
2. Кулагина И.Ю., Колюцкий В.Н. Возрастная психология: полный жизненный цикл развития человека. – М.: Сфера, 2001. – 464 с.
3. Бакытжанкызы Н. Кіші мектеп жасында ойлаудың даму ерекшеліктері // Молодой ученый. 2019. № 18.1 (256.1). С. 6-7.
4. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей. - М., 2005. - 154 с.
5. Степаненкова Э.Я. Теория и методика физического воспитания и развития ребенка. Учеб. пособие для студ. высш. уч. завед. - М.: Академия, 2016. - 368 с.
6. Материалдары. - Шымкент: Асқаралы. 2007, - 296 б.

### **3.18. Творческое упражнение как средство развития творческих способностей младших школьников на уроках русского языка**

**Галина Каскарбековна Бокижанова**

кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика».

Академия «Bolashaq» (г. Караганда, Казахстан)

**Бейбиткуль Бексеитовна Бекбашева**

магистр педагогических наук, руководитель отдела регистрации. Академия «Bolashaq» (г. Караганда, Казахстан)

**Гульмира Берниязовна Кудышева**

воспитатель СШИ № 10 (г. Балхаш, Казахстан)

Большое значение в развитии творческих способностей у детей младшего школьного возраста отводится методике преподавания. Одним из основных условий развития творческого мышления является создание творческой атмосферы. поощрять детей в их попытках браться за сложные задачи, развивая тем самым их мотивацию и настойчивость.

В практике обучения русскому языку сложились вполне определённые виды творческих работ. Нет единого мнения в определении сущности такого вида работы, как творческой диктант, который самим названием как бы подчёркивает свою принадлежность к работам творческого характера. Так, по мнению некоторых ученых, относятся к творческим диктантам два вида упражнений: составление отдельных предложений с использованием заранее указанных орфограмм (однотипных или разных типов), лучшие из которых диктуются и записываются; составление отдельных предложений с использованием заранее указанных орфограмм (однотипных или разных типов), лучшие из которых диктуются и записываются; составление связанных текстов с использованием заранее указанных орфограмм .

Другие авторы выделяют два вида упражнений, относящихся к творческому диктанту:

- 1) на вставку слов и словосочетаний;
- 2) творческий диктант с заменами.

Т.А. Ладыженская относит к творческим диктантам «такой вид упражнения, при котором учащиеся вставляют в диктуемый учителем текст слова или словосочетания определённой грамматической категории или заменяют в диктуемом тексте определённые слова и словосочетания другими, близкими по значению грамматическими категориями». Иногда не совсем правомерно к творческому диктанту относят составление предложений или текстов с заданными словами. Это самостоятельный вид упражнения творческого характера .



Такое расхождение в определении отдельных видов творческих работ учащихся вполне естественно, так как некоторые из них, действительно, являются переходными от воспроизводящих к творческим и готовят учащихся к работам собственно творческого характера. Но вместе с этим, думается, неправомерно сводить творческие работы, применяемые в практике изучения русского языка в школе, только к сочинениям.

Мы придерживаемся точки зрения тех авторов, которые считают главным признаком творческих работ учащихся высшую степень их самостоятельности, которая применительно к русскому языку проявляется в выборе языковых средств и приёмов для достижения поставленной цели, в самостоятельном определении последовательности изложения того или иного материала, в умении логически обрабатывать материал, самостоятельно сравнивать, сопоставлять и обобщать его, классифицировать по тем или иным признакам, высказывать своё отношение к описываемым явлениям и событиям, давать собственную оценку какой-либо работы, если это требуется по заданию и т.п.

Среди упражнений, связанных с творческим использованием материалов учебника, можно выделить такие группы:

1) Упражнения частично творческого характера:

- составить предложение (по опорным словам, на заданную тему, разных конструкций);

- дописать предложения;

- восстановить текст;

- составить ответы на вопросы;

- озаглавить рассказ;

- составить элементарное описание;

- провести элементарный анализ композиции текста;

- сопоставительный анализ художественных и научных текстов и

т.д.

Например, выполнение такого упражнения носит частично творческий характер. Задание: Озаглавьте текст. Спишите, заменяя выделенные слова синонимами.

В сентябре в Караганде стоит хорошая погода. Дождливых дней почти не бывает. Ярко светит солнце. Золотом горят деревья. Казалось, что они собираются на весёлое торжество и надевают свои наряды. В воздухе ощущается какая-то особая, бодрящая свежесть.

Слова для справок: ненастные, прекрасный, радостно, праздник, чувствуется.

Также частично творческий характер носит работа по завершению предложений по догадке:

Ребята были в Каркаралинском лесу. Вдруг слы... : во... ёлочки кто-то шур... . Там ё... ! Напала Жучка на ... .. Да не тут ... ! Наколола она нас и ... .

Также частично творческий характер носит работа по исправлению предложений:

Батыр собрался с мощью. Ёж смотался в клубок. Я уже ездил на самолёте. Мы готовились встречать пернатых птиц. Речка замёрзла льдом. Меня пробудил мой папа. В рассказе описывается об одном случае.

2) Упражнения с творческой основой.

- составить устный рассказ: на тему, из данных предложений, по картине;

- составить рассказ в связи с прочитанным, по впечатлениям или наблюдениям, с использованием языкового материала;

- составить развёрнутый рассказ, связный рассказ по плану, рассказ о герое;

- изложение по тексту, сжатое, подробное с элементами описания, с заменой лица, с элементами рассуждения;

- изложение по началу и концу.

Например, работой с творческой основой является выполнение упражнения: восстановить последовательность предложений казахской народной сказки «Алдар Косе».

1. Бросил я камень в змею, она от удара расплющилась и стала, как тесто, которое находится под твоей дочерью. 2. Увидела она меня, зашипела и свернулась так же, как та колбаса, которую ты спрятал под себя, добрейший Шигай-бай. 3. Я схватил камень величиной с баранью голову, вроде той, на которой сидит твоя служанка. 4. Если я сказал хоть одно слово неправды, пусть меня ощипают, как гуся, спрятанного твоей женой. 5. Еду я к тебе и вижу: по дороге ползет длинная-предлинная змея.

Выполнение следующего упражнения также является примером работы с творческой основой. Задание: составить план рассказа, озаглавить рассказ, написать изложение от I-ого лица.

3) Упражнения творческого характера:

- написать сочинение по картинкам;

- сочинение с грамматическим заданием;

- с элементами сравнительной характеристики;

- подготовить доклад;

- написать сказку;

- составить сценарий;

- сочинение – рассуждение;

- сочинение с элементами описания;

- сочинение – миниатюру.

Упражнения творческого характера следует применять постепенно.

4) Переходом к творческим упражнениям являются воспроизводяще-творческие:

- упражнения на преобразование объекта. При закреплении теоретического материала учащиеся отвечают на вопросы учителя, требующие аргументации, доказательств. Например: «Объяснить, нужна ли запятая перед союзом «и» и почему». Из работ на практическое применение предлагается упражнение с заданием «Поставь, где надо, запятые». Даны сложные и простые предложения с однородными членами. Или задание: «Исправь ошибки». Запятые в некоторых предложениях этого упражнения отсутствуют или поставлены неверно.

В практике обучения русскому языку можно выделить такие виды работ творческого характера, применяемых при закреплении теоретической части того или иного материала, как составление сложного развернутого плана по содержанию ряда уроков или целой темы программы, ответы на вопросы, требующие сравнительных характеристик различных грамматических явлений с охватом значительного по объему материала; ответы на проблемные вопросы и т.п. . Все эти виды работ требуют от учащихся самостоятельного, в значительной степени творческого подхода.

Как видим, творческие упражнения учащихся на этапе закрепления материала по русскому языку укрепляют познавательный интерес младших школьников на этом этапе, что создаёт базу для дальнейшего развития познавательных интересов и творческих способностей учащихся.

Творческие упражнения используются на этапе применения учащимися усваиваемых знаний, умений и навыков в разнообразной творческой практической деятельности. Действие на уровне навыка может совершаться в обстановке, отличной от условий его формирования, становится важным средством осуществления сложной творческой деятельности, решения более важных жизненных задач, достижения новых, более широких целей .

Процесс выполнения работ творческого характера всемерно содействует развитию познавательных сил и способностей учащихся, непрерывному их совершенствованию. Рациональное использование школьниками усваиваемого учебного материала в изменяющихся условиях всегда сопровождается сосредоточением их внимания, волевых усилий, преодолением встречающихся трудностей, вызывающих эмоциональные переживания, положительное и ответственное к учению. Всё это содействует успешному развитию у учащихся аналитико-синтетической деятельности мышления, речи, памяти, внимания, воображения, расширению у них познавательных и творческих возможностей, что в свою очередь, приводит к успешному овладению более сложным учебным материалом.

Выполнение творческих упражнений имеет важное значение для совершенствования применяющихся при этом многочисленных знаний, умений и навыков. Грамматические знания и умения, речевые и

орфографические навыки, можно считать вполне усвоенными и прочными лишь в том случае, если они будут применяться учащимися в их высказываниях, и не только в словах и предложениях, но и в изложениях и сочинениях.

В процессе подбора и выполнения творческих упражнений в соответствии с учебной программой соблюдается определённая постепенность. Задания по мере упрочения применяющихся в них знаний, умений, навыков постепенно усложняются.

Обобщая сказанное, отметим, что выполнение творческих упражнений, материал которых по тематике и по строению близок детям, доступен по содержанию, непосредственно связан с их опытом, личными впечатлениями и интересами, способствует совершенствованию программных умений и навыков младших школьников. Они видят результаты своих занятий, переживают достижения, которые вселяют уверенность в собственных силах, мобилизует их к достижению более высоких показателей в учёбе. Усваиваемые же умения и навыки правописания становятся более прочными. Окружающая учащихся действительность содержит богатейший фактический материал для самостоятельного составления ими текстов рассказов, изложений, сочинений и т.п.

В ходе выполнения творческих упражнений у младших школьников происходит интеграция знаний, представлений, опыта, которые они получают из различных источников.

Таким образом, в процессе выполнения творческих упражнений учащиеся не только воспроизводят и совершенствуют усваиваемые знания, умения и навыки, но и свободно ими оперируют в разнообразной практической деятельности. Выполнение творческих упражнений характеризуется самым высоким уровнем познавательной деятельности учащихся, которая проявляется в более вдумчивом и пытливом отношении к установлению новых связей между изучаемыми явлениями и процессами, в раскрытии практической значимости усваиваемого учебного материала.

### **Список литературы:**

1. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной активности младших школьников. - М: Просвещение, 2015 - 175 с.
2. Шамова Т.И. Активизация школьников. - М: Педагогика, 1982. - 208 с.
3. Щукина Г.И. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. - М.: Педагогика, 1988. - 208 с.
4. Ахметов Н., Хайдарова Ж. Теория игр и технологии. (Учебник). - Алматы: Республиканский издательский кабинет, 1998. - 252 с.

### **3.19. Бастауыш сынып оқушыларының педагогикалық шарттары**

**Айша Мадибековна Желдибаева**

Магистр, аға оқытушы. кафедра «Педагогика»,  
Шымкент университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

Мектептің білім берудегі қызметі негізінен сабақ барысындағы оқыту, тәрбие процесіне негізделген. Сондықтан бастауыш сыныптардағы сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары, біріншіден, оқу ісімен тікелей байланысты жүргізілсе ғана сәтті, нәтижелі болады. Өйткені бірінші сынып оқушыларының түсінігін бойынша олар тек оқуды ғана ең маңызды деп есептейді, екіншіден сабақтан тыс жұмыс алғашқы кезде өзінің формасы жағынан сыныптағы оқу жұмысы нақты, дәл ұйымдастырылған болса ғана тиімді болады. Бұл шарттарды қатаң сақтаған жағдайда ғана бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс уақыттағы өз білімін жетілдіруі іске асады. Мысалы: мұғалім бағдарламалық тақырыпқа қосымша әдебиеттерді, тақырыптарды қолданғанда ғана оқушы сол тақырып туралы ойланып, іздене бастайды. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының оқуына, оқу мәдениетіне мұғалім басшылық жасап отыруы қажеттігіне көзіміз жетті.

Мектептің I-IV сынып оқушыларының оқу үрдісін ұйымдастырғанда әрбір оқушының өзіндік табиғи қабілеттілік ерекшеліктерінің ашылуына себепші болуы керек. Мәселен, сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта әңгіме оқып беріп, белгілі суретті көрсетіп соны талдағанда оқушының басқаларға сенімсіздікпен қарап, өз ойының дұрыстығын дәлелдеуге тырысуы, олардың ойлауы мен оқуға деген белсенділігін ынта-ықласын арттырады.

Оқушының оқуға деген ұмтылысы оның даму кезеңдеріне де байланысты. Дамудың түрлі кезеңдеріндегі балаларға тән тұрақты қасиеттер мен жеке бастың қасиеттері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты I-IV сынып оқушыларының психикасы табиғи даму процесі мен тәрбиесіндегі жағдайдың әсері арқылы жүзеге асырылатын елеулі өзгерістерді бастан кешіреді.

Осы себептен де белгілі бір жастағы кезеңдер өзгеріссіз, тұрақты болып қалмайды. Жас ерекшеліктері туралы айтқанда, даму процесінде балалардың белгілі стандарты жоқ. Бірдей жастағы балалардың әрқайсысы өзінше, жеке-жеке дамиды. Әр бала түрлі қарқынмен дамиды, олардың бойындағы жалпы тұрғыдағы жас ерекшеліктері түрліше көрініс беріп отырады.

Бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктері немен анықталады дегенде, ол дамудың ішкі шарттарының үйлесуімен, яғни психикалық процестердің жеке бастың қасиеттері (есте сақтау, ойлау, сезім, ықылас, ерік күші, т.б.) мен сыртқы өмір жағдайларының белгілі бір дәрежесімен бала қызметінің мазмұнымен, формаларымен, оны



қоршаған ортамен, яғни ересектермен, жолдастарымен қарым-қатынастарында анықталады. Сыртқы жағдайлардың ішінде оқушылардың жан-жақты дамуына себеп болып отыратын негізгі қызмет болып саналады. Бұл ұғым баланың даму сипатына шешуші, басты бағыттаушы әсер ететін оқу іс-әрекетімен байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеті ойын болса, ал бастауыш мектеп жасындағы балалары үшін ол – оқу болып табылады [1].

Мектепте оқу, сол арқылы оқу үрдісіне араласу, сыныпта бірге оқитын оқушылармен, жасы үлкен құрдастарымен істес болу осы жас мөлшеріндегі балаларға тән ерекшеліктерді көрсетеді. Мектеп оқушыларының оқу процесінде олар өзінің жаңа міндеттері мен істерінің маңыздылығын, қажеттілігін терең түсінетін болады, сондықтан да жаңа талаптарын бар ықыласымен қабылдап, оларды орындауға құлшына кіріседі.

Бастауыш сынып оқушылары өте иланғыш, сенгіш келеді, олар беделді адамдарға оның ішінде өзінің мұғаліміне еліктеуге тырысады, сол себепті де мұғалімнің оқушыға деген қарым-қатынасын, оның мәдениетін, адамгершілігін оқушылар тез қабылдайды да, ол сынып ұжымы ішіндегі өзара қарым-қатынасқа ауысады. Еліктеушіліктің арқасына да балалар мұғалім мақтаған балаға, немесе кітаптағы ақылды балаларға ұқсауға тырысады. Мәселен, мұғалім сыныптағы белгілі бір оқушының үй тапсырмасын өте ұқыпты әрі дұрыс орындағандығы туралы айтса, басқа оқушылар үйге берілген тапсырманы таза, әрі ұқыпты дұрыс орындауға тырысады. Бұл құбылыс оқушылардың жас ерекшелігіне тән құбылыс [1].

I-IV сынып оқушылары оқу материалдарын қабылдауда олардың ішкі маңызды мазмұнынан гөрі, оның сыртқы белгілерін, ерекшеліктерін көбірек қабылдау байқалады. Бұл мұғалімнің оқушыларға жаңа тақырыпты түсіндіргінде, олардың зейінін дұрыс бағыттай білуіне, байқағыштық қасиеттерін қалыптастыра түсуіне байланысты.

Психолог ғалымдардың дәлелдеуі бойынша бастауыш сынып оқушыларында байқағыштық қабілет өте жақсы дамиды. Бірақ олар бір-біріне ұқсас заттар мен құбылыстардың белгілерін, ерекшеліктерін, қасиеттерін ажырата алмайды. Нәрселердің бір қарағанда көзге түсе қоймайтын нәзік белгілерін, ерекшеліктерін байқау үшін адамда байқағыштық қасиет болуы керек. Мұндай қасиет мұғалімнің және ата-ананың жәрдемімен оқушыда бірте-бірте қалыптасады. Байқағыштық қасиеттің тез қалыптасуына оқу-тәрбие процесіндегі мұғалімнің оқушыға қойған талабы мен отбасы тәрбиесінің бір-біріне ұштасуы айрықша әсерін тигізеді. Оқушының ой-өрісін дамыту үшін оқу материалын түсіндіріп қана қоймай, оны өз өмірінде қолдана білуіне үйрету қажет. Ол үшін оқушының қабылдауындағы нақты пайымдауын қалыптастырған жөн [2].

Бастауыш сынып оқушысының нақты пайымдауын дамытуда заттар мен құбылыстардың ұқсастық және айырмашылық

ерекшеліктерін салыстыра түсіндіру нәтижелі болатындығын педагогикалық-психологиялық эксперименттер дәлелдеп отыр. Оқу процесінде қабыл-даудың қанша көп сезім мүшелері қатынасса, қабылдау мазмұны да сонша арта түседі. Бұл психологиялық жағдай мұғалімнің оқыту процесінде оқу материалдарын ауызша айтып қана қоймай, көрнекі және техникалық құралдарды тиімді пайдалану және оқу мәдениетіне көп көңіл бөлуін ескертеді [5]. Оқушылар оқу материалдарын естіп қана қоймай, оның кейбір бөліктерін көзбен көріп, қолмен ұстаса, олардың саналы әрекетін арттыра түседі. Оқушының ақыл-ой әрекетін дамыту үшін оларды сабаққа зейінді болуға тәрбиелеу керек. I-II сынып оқушының зейіні бір объектіден екінші объектіге тез ауысып тұрады. Оқушылар білімінің тұрақты, көлемді терең болуы мұғалімнің сабақты қызықты, тартымды өткізуі оның оқу мәдениетіне байланысты.

Мұғалім оқу материалдарын түсіндіргенде, шешен сөйлеу, сан алуан әдіс-тәсілдерді қолдану оның шеберлігі арқылы оқушының назарын өзіне аудара алады.

Оқушылар аса назар қойып тыңдау кезінде мұғалімнің ой-өрісі оқулықтағы материалдың көлемінен аспаса, дауыс ырғағы, мимикасы бір келкі болып, оқушыларды ынталандырмаса, онда оқушылардың қабылдауы да нашар болады. Өте тәжірибелі іскер мұғалімдер сабақты түрлендеріп оқушылардың ынтасын арттырып, оларды тыңдатуға мәжбүр етеді. Мұндай мұғалімнің сабағы 45 минутта бітпеген тәрізді болып оқушылар үзіліс кезінде де сабақтан алған әсерінен арыла алмайды.

Оқушылар оқу материалдарын түсініп қана қоймай, оны керек жерінде, яғни тәжірибеде қолдана білсе, ой-өрісінің өскендігінен дерек білдіреді. Оқу-тәрбие жүйесінде кейбір оқушылар оқу материалдарын жете түсіну үшін қосымша кітаптар оқиды. Бірақ барлық мектепте оқушының өз бетінше ізденуіне қолайлы жағдай бола бермейді. Сондықтан мұғалім жаңа материалды өткен уақытта қосымша әдебиеттер тізімін атап қана қоймай, олардың мазмұнын оқулықтардағы деректермен байланыстырып оқушының ақыл-ой әрекетін дамыта түседі. Ал кейбір мұғалім оқулықтағы материалдардың шеңберінен алысқа кете алмай, оқушының интеллекттік сезімін дамыта алмайтыны да белгілі.

Бастауыш сынып оқушысының ойлау қабілеті көбінесе көрнекілік арқылы және нақты образдық түрде қабылданатын болады. Дегенмен нақты фактілерге сүйене отырып, олар абстракты-логикалық түрде ойлай алады.

Психолог ғалым Л.С. Выготский – “Бастауыш сынып оқушысының ойлауы қабылданған нәрселерін есте қалдыру және еске түсіру дәрежесінде ғана болады” – деп тұжырымдайды [3].

Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасы бойынша оқушының оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға жеткілікті мөлшерде сағат белгіленген.

Психолог, педагог ғалымдар оқыту барысында дағдының қалыптасуын белгілі үш кезеңге бөлді. Олар: аналитикалық, синтетикалық және автоматталған кезеңдер. I-II сынып оқушылары да оқу, жазу, сөйлеу дағдыларының аналитикалық кезеңі, III-IV сынып оқушыларына қарағанда күрделі де қиын болады [4]. Олар өздерінің қимыл-әрекетінде ой-операцияларында көптеген қателіктер жіберіп, оқуға деген ынтасын, талап-тілегін жоғалта бастайды. Осы кезеңде тәжірибелі мұғалімдер олардың қателіктерін, кемшіліктерін дер кезінде көрсетіп, дұрыс бағыт беру арқылы дағдыларын белгілі бір жүйеге келтіреді. Ал оқу мәдениетін дұрыс меңгермеген мұғалімдер оқушының кемшіліктері мен қателіктерін байқай алмай, олардың оқуға бейімделген ынта-жігерінің жалынды отын сөндіре бастайды. Осының салдарынан оқушының оқуға деген белсенділігі төмендеп, сабақ үлгерімі нашарлап, олар тәртіпті бұзушылық, басқа нәрселерге алаңдаушылық сияқты жарамсыз қылықтары байқалады.

Демек, оқу процесінде оқушының білімі, оқу мәдениетінің жетілуі - әр мұғалімнің негізгі міндеті және олардың оқыту шеберлігіне байланысты екенін естен шығармағанымыз орынды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байназаров Р.Б. Активация познавательной деятельности учащихся в учебной и внеклассной работе. – Алматы, 1974. - 31 с.
2. Байназаров Р.Б. Воспитание познавательной активности учащихся в процессе внеклассной работы. – Алматы: Мектеп, 1984 – 72 с.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения / Под ред. А.И. Пискунова. – М., 1982 - 625 с.
4. Гоноболин Ф.И. Психологический анализ педагогических способностей / Способы и интересы /. – М., 1962 - 232-274 с.
5. Божович Л.И., Славина А.С. Психологическое развитие школьника и его воспитание. – М.: Знание, 1979. - 96 с.

### **3.20. Көркем еңбек сабағында сәндік-қолданбалы өнердің оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырудағы ролі**

#### **Алия Муратовна Зайткешова**

Қарағанды қаласы "№ 36 жалпы білім беретін мектебі" КММ  
көркем еңбек пәні мұғалімі (Қазақстан, Қарағанды)

Әр мемлекеттің интеллектуалды, экономикалық, әлеуметтік және рухани – мәдени потенциалы оның инновациялық қызметінің өркендеуі,

қоғамның тәлім-тәрбие беру жәй-күйімен қатар оның прогрессивті даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Еңбек бағасы да, еңбеккер де өзгеруде, қоғам мәнінің басым бөлігін шығармашылық еңбек, яғни шығармашылықпен жұмыс жасаушы адам иеленеді.

Бүгінгі таңда ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету - өнегелі іс. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады.

Сәндік-қолданбалы өнер-бұл көркем шығармашылықтың ерекше әлемі, адамзат өркениеті дамуының ғасырлар бойы қалыптасқан көркем заттардың шексіз әр түрлі саласы. Жиһаз, ыдыс, аяқ киім немесе киім болсын, кез — келген нәрсе адам ұйымдастырған тіршілік ортасында ғана емес, ең алдымен оның рухани әлемінде белгілі бір орын алады.

"Сәндік-қолданбалы өнер" ұғымы өте кең және көп қырлы. Бұл ғасырлар бойы тамыр жайған бірегей шаруа өнері және оның қазіргі заманғы "ізбасарлары" — жалпы ұғыммен байланысты дәстүрлі көркем қолөнер-халық өнері және классика-жалпыға бірдей танылған және жоғары үлгінің мағынасын сақтайтын әлемдік сәндік өнердің ескерткіштері.

Сондықтан қазіргі мектепті реформалаудың негізгі бағыттарында жас ұрпақтың көркемдік білімі мен эстетикалық тәрбиесін жақсарту мәселелеріне көп көңіл бөлінетіні кездейсоқ емес. Қазіргі өмірдің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Бұл процестің анықтайтын шарттарының бірі-білім беруді ізгілендірудің тұрақты тенденциясы, яғни адамның өткенің әлемдік және отандық мәдениетін іргелі зерттеуге, дамытуға және қазіргі мәдениетті үнемі зерттеуге негізделген әлеуметтік қатынастардың бүкіл жүйесін білуі.

Жоғарыда айтылғандар адамзаттың мәдени-тарихи және көркем-педагогикалық мұрасын кеңінен игеру және терең қабылдау негізінде оқушыларға көркемдік білім беру және эстетикалық тәрбие жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттілігін тудырады.

Қазіргі уақытта өнердегі прогресс шығармашылық сабақтастықсыз және сыни талдаусыз, көркемдік тәжірибені, қалыптасқан эстетикалық критерийлерді және өткеннің шығармашылық дәстүрлерін игерусіз мүмкін емес. Сондықтан ұлттық мәдениеттің шығу тегіне жүгіну өте маңызды.

Оқушыларға қолөнердің сырын, бейнелілік тілін меңгерту және олардың өнер салаларындағы шығармашылық іс-әрскеттерін дамыту

арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған эстетикалық, көркемдік мәдени бай мұраларын игерту, туған халқының өнеріндегі парасатты дәстүрлеріне танымдық көзқарастарын қалыптастыру, колөнерге қызығуларын ояту, қазіргі кезеңдегі мектепте имандылық тәрбиенің негізгі басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда ұлттық қол өнер дәстүрін меңгеруін, сақтауы мен жалғастыруын қамтамасыз етеді, еңбекке баулу мазмұнын кеңейтуге, халық өнерінің негізгі түрлері туралы білімдерін (сәндік-бейнелеу, салттық-ойындық, сөздік-поэтикалық) пәнаралық деңгейде қорытындылауға мүмкіндіктер береді. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінде тиімді пайдалану, пәнаралық байланыста жүзеге асыру, мектеп мұражайын ұйымдастыру, қоршаған ортасын безендіру жұмыстарына қатысу, халық шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру, олармен бірлесіп бұйымдар жасау және т.б. жұмыс формалары оқушының сәндік іс-әрекетіне ықпал ете отырып оған жаңа мүмкіндіктер береді, сәндік-қолданбалы өнер саласынан білімдерін кеңейтеді, кәсіби шеберлігінің жетілуіне септігін тигізеді. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады. Сан-алуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықтарын шыңдайды, сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында ырғақ, бояу түстері, сызбалардың икемділігі туралы негізгі ұғымдарды меңгереді. Олардың әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдалану тәсілдері туралы түсініктері қалыптасады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарын талдап қана қоймай. Соларға ұқсатып жасау баланың шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттырады, әдемі заттар жасауға талпындырады.

Ұлттық сәндік – қолданбалы өнері қаншама жылдар бойы жасалып, жетіле түскен аса кәсіби дағдылар мен амал – тәсілдерге негізделген. Оларды жұлдызша, айшық, ирек сызықтармен бедерленген керамикалық ыдыстардан; ағаштан ойып жасалған бұйымдардан; жіптерді өру, айқастыру, шатыстыру арқылы тоқыған тоқыма үлгілерінен; құю, бедерлеу, жапсыру тәсілдерімен, асыл тастарымен, бағалы металдарымен ерекшеленген зергерлік өнер туындыларынан көруге болады. Осы техникалық әдіс – амалдарды үйрену де мектеп оқушыларына тән және бұл олардың шығармашылық қабілеттерінің байқалуына, дамуына кең мүмкіндіктер береді.



Халық өнерінің шығармашылығын игеру мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда сәндік – талғамын тәрбиелеп қана қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою – өрнектер түрін құрастыру, оларды дамыта қолдану, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен жеке айналысуға құштарлығын оятады.

Мектеп оқушылары сәндік – қолданбалы өнердің алуан түрлерін, дәстүрлі техникалық әдістері мен шеберлік дағдыларын жеңіл игереді. Өйткені баланың бастауыш сыныптарында оның бейнелеу өнері сабақтарына қажетті психологиялық-физиологиялық жетілуі аяқталады. Олардың көркемдік үрдістің техникалық әдістерін үйренуге және орындауға белсенді қызығулары пайда болады.

Мектеп оқушыларының сәндік – қолданбалы өнер шығармашылығымен ерте танысуы негізінде олар қызығушылыққа бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиеленеді, талғампаздықтары жетіледі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ақыл-ойлары өседі, адами саналары толыса түседі, сол туындыларды өз қолдарымен жеке және сынып боп жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына да, құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында де шеберлік дағдылары да үлкен мәнге ие болады.

Осыған байланысты қазіргі уақытта әрбір педагог тарихи мәдени мұраларды, соның ішінде халықтың сәндік – қолданбалы өнерін оқушылардың көркемдік – эстетикалық тәрбиесінде мақсаттылықпен қолдана білуі тиіс. Өйткені, сәндік – қолданбалы өнер формасы жағынан да, мазмұны жағынан да оқушылар үшін түсінікті, олардың сұлулық сезімін дамыту күшіне ие. Бұл оқушылар туған және басқа халықтардың ұлттық мәдениетін игеруге, барлық дәуірлердегі шығармашылық еңбекке сұлулық идеалы мен шеберліктің қажеттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сәндік-қолданбалы өнер баланы Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеуге және өз халқының мәдени-тарихи мұрасын, өз елінің дәстүрлерін құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбиев Ж. Педагогика. / Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова – Алматы: Дарын. – 2004. – 443 б.
2. Әбиев Ж. Еңбек тәрбиесінің педагогикалық негіздері. – Алматы. - 1997 - 166 б.
3. Алексеева В.В. «Роль художественного наследия в эстетическом воспитании народа».

### **3.21. Оқу-тәрбие үрдісінде ойын технологиясын пайдаланудың ерекшеліктері**

**Жазира Науатбековна Кумисбекова**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
(Тараз қ., Қазақстан)

**Досжан Дуйсенбекович Турсынбеков**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
(Тараз қ., Қазақстан)

Білім беру жағдайында инновациялық процесс ол жаңаша идеяның, деректердің, тұжырымдардың, теориялардың, жаңаша әдіс-тәсілдердің жоғары сапалық өзгерістерді тудыратын үрдіс екені белгілі, яғни мектеп оқушыларының іс-әрекетке деген құзыреттілігін дамыту. Оқушылардың құзыреттілік деңгейін қалыптастыруда инновациялық технологияның алатын орны ерекше.

Оқу-тәрбие үдерісінде ойын технологиясын пайдалану өте тиімді. Мұғалімі Р. Знуллинаның «Ойын технологиясын сабақтарда қолданудың тиімділігі» деген оқулығында ойын технологиясының ұтымды тәсілдері мен әдістерін көрсете отырып, осы технологиялар барысында бірнеше сабақ жоспарларын да ұсынған.

Психолог Е.А. Аркиннің айтуынша «ойын, ойыншық балалар өмірін сипаттайтын негізгі ұғым». Жаңа ортаға тез бейімделуге ықпалын тигізетін осы ойын. Білім алушыларын ынталандыруға ойынның түрлі түрлері мен әдістерін көрсетіп кеткен. Ең алдымен алып қарайтын болсақ, қандай ойын болмасын баланы болашақ өмірге және тек жақсы қасиеттерге тәрбиелей біледі. Оқушы ойындар ойнау кезінде батылды, шапшаңдық, қырағылы, жауапкершілік деген қасиеттерді талап еткендіктен, бала соған дағдылана біледі. Ал екіншіден, өтіліп жатқан пәннің оқушыға одан әрі түсінікті болуын ойын түрлері қамтамасыз ете алады. Ойындардың дұрыс қолданысқа енуі, баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Н.К. Крупская ханымның да пайымдауынша, «ойындар болашақ өмірдегі қажетті дағдыларды қолданысқа енгізу мен пайдалануды күшейтеді».

Әлбетте, мектеп оқушыларын ойынмен біріктіріліп өткізілген сабақ әлдейқайда қызығырақ өтеді. Сол арқылы, өтілген пәннің есте қалуы мен оған деген қызығушылығының үлесі есейе түседі. Мектеп оқушыларына, олардың өміріне ерекше көңіл бөлген Н.К. Крупская болып табылады. Ол ойынның балаға білім беру мен тәрбиелеу, оған дұрыс бағытта ілім берудің оңтайлы тәсілі ретінде беріп отыр.

Атағы мол украин педагогы В.А. Сухомлинский «ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармасыз, ойсыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деп кеткен. «Баланың ойы далада» демекші, мектеп оқушысының ойы ауыспалы, әр нәрсеге көңілі бөлініп, бір иығы ойын деп тартып тұратындықтан, білім беру мен дұрыс қолданылған

ойын баланың оқуға деген ынта-құлшынысын ашады, сабақты қызыға оқитын болады.


Берілген проблемаға негізделіп жасалған, яғни дидактикалық тәсілдерді қоса отыра жасалынған ойын түрі – сапалы білім кепілі десек те болады. Мектеп оқушысының құлшынысын жоғарылататын, оған жауапкершілікті негіздейтін де ойын. Сабақ барысында міндетті түрде бәсекелестік қабілет болады, онсыз ешқалай. Бір-бірімен жарыса оқыған бала да, кейінгі кезеңде де солай қалыптасады. Баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығын ашатын құрал ретінде ойын түрлерін алсақ болады. Оның басты екі бағдары бар: бағдарлық пен таным, сондай ақ қызығушылығын арттыратын бағдарлық қызмет.

Ойын - балаға жан-жақты сала бойынша әсер етеді. Логопедия, яғни тілдің дұрыс дамуына да өз әсерін тигізеді. Қазірге таңдағы балалардың ой өрісі баяуырақ дамуда, сол себептен олар үшін түрлі дамытпалы ойын түрлері құрастырылған. Ойын кезінде бала дұрыс жауап беруге тырысып, миына шабуыл жасайды десек те болады. Осы арқылы баланың санасы мен психикасы дұрыс қалыптасып, жақсы өзгеріс енеді.

Білім берудің негізгі мақсаты - халқымыздың болашағын дұрыс білім мен тәрбие беріп, саналы ұрпақ өсіру. Сол үшін, білімді дұрыс бағытта беру, жәе оның білімгер санасында қалуына ықпал тигізуші бірден-бір осы ойын болып табылады. Оқыту процессі кезінде оң бағыт беіп, ойында қолдана білу - дамытудың жолы. Ойын түрлерін пәннен алған мағұлматты бекіту кезінде пайдаланса болады. Бұл кез-келген жас аралығындағы оқушаға сай болады.

Білімгерлердің шығармашылық жағын да дамыта білген жөн, себебі соның арқасында қазіргі таңда неше түрлі инновациялы технологиялар ойлап табылуда. Оның жемісін қай салада болмасын кездестіреміз. Яғни, дамыған болашаққа мүдделі болудың тірегі – жан-жақты тұлға екендігі айдан анық.

Іскерлік ойындардың Г. Шедровскийдің тұжырымдамасына байланысты мынандай артықшылықтары бар. Оны төмендегі 1-суреттен көре аламыз.



Сурет-1. Г. Шедровскийдің тұжырымдамасына байланысты ойынның артықшылықтары

Жеке тұлғаның білгірлігіне өз ықпалын тигізетін адам бойындағы жігер мен рухани байлық. Осы қасиеттерді әр ұстаз оқушы бойына қалыптастырғысы келеді. Білім алушылардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығына байланысты, тура бағыттағы ойын құрастыра білу ұстаздық мақсаттарының бірі. Қоғамда жөні түзу азамат болып қалыптасуға – ойын негізгі түрі ретінде қалыптасады. Педагогтар мен зерттеушілердің көп бөлігі, бала тәрбиесі мен білім беру үрдісінде, ойынның маңызды екендігін айқындайды. Ойын ойнау барысында бала қоғам мен қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынасқа түседі. Оның істі атқаруға деген құлшынысы үлкейеді. Ойындарға, бұрынғы кездерден бастап көңіл бөлінгенімен, оның гүлденен дамуы ХІХ ғасырдың аяғына қарай ғана зерттеу нысаны болды. Д. Колоцца да ойын туралы ақпарат жинап, оның педагогика-психология ғылымдарында қандай орын алатындығын зерттеуге ат салысқан итальян ғалымы болып табылады. Р.Гаупп, А.Диваев, К.Гросс, Э.Клапаред, В.Вахтерев, Н.Виноградов және т.б. ғалымдар ойын түсінігін құрастырушылар, сондай ақ оның әдістеме негізін қалаушылар болып та танылған. Бірақ қанша жақтан зерттеліп жатса да, әлі толықтай шешім табылмады. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу барысында, соған сай іскерлік ойындар пайдаланылады. Солайша, 1932 жылы М.Бирштейннің үлес қосушылығымен Львов машина зауытындағы жұмыстың қалай атқарылатындығын көруге іскерлік ойын ойлап табылған. Ал одан кейінгі 1950, 1960 жылдары ғылымда іскерлік ойын түрлері одан ары таралып, дами бастады. Ойындарын тұлға тәрбиесіне қолдану үшін біраз әдіснамалық шарттарды сақтау керек. Ол шарттарды келесі 3-кестеден көреміз.



Кесте-3. Оқушыны тәрбиелеуде ойындарын әдіснамалық шарттарды

Бізге ата-бабаларымыз артынан мұра ретінде қалдырып кеткендері жетіп артылады. Олар болашақ ұрпақтың үстемділігін арттыру үшін жақсылап тырысқан болатын. Және сол мұралардың бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақ ұлтының құндылықтарын тізіп, өзімен пайда алып келетіндей ойын түрлері жетіп жатыр. [<https://stud.kz/referat/show/68639>].

Бірақ оларға жәй ойын ретінде қарамай, артында тәрбиелік мәні бар, құндылығы жоғары, жақсы қасиеттерге баулитын іс-әрекет жиыны ретінде қарастыру керек. Ойын ойнап білген бала, кейінгі кезекте өз ұлтының тарихын, дәстүрін, әдет-ғұрыптарын жетік білетін болады. Жас білімгер бойынан тура қасиеттерді күшейтуге дұрыс құрастырылған ойындар, өз септігін тигізе алады.

Елдің ертеңі – ол жастар. Сол жастардың саналы ұрпақ, салықалы азамат болып жетілуін қамтамасыз ету ұстаздың қолында. Бастауыш сыныптан бастап, оқушыға дұрыс бағыт пен тәлім, тәрбие, білім беретін болсақ, болашақта ол ибалы адам болып өседі. Педагогтың басты міндеті – оқушысының болашағына алаңдап, тұңғыық түбіне терең бата ойлану.

Бастауыш сыныптың негізгі әс-әрекеті оқу сонымен қатар ойын, Олай болса кез-келген сабақта ойын технологиясының қандай да бір элементін дұрыс әрі ұтымды түрде пайдалана алу ол шебер, іскер мұғалімнің кәсіби біліктілігінің көрінісі. Ойын бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беруде, сыртық ортамен дұрыс қарым-қатынас орната білудегі ең негізгі, маңызды құрал. Тәрбие мен білім егіз ұғым. Ұлы ғұлама әл-Фараби айтқандай «тәриесіз берілген білім –



адамзаттың қас жауы», сол себептен тәрбиелей де, білім де бере алатын мұғалім болсақ, елдің ертеңі болады.

Өз пәнін өтер кезде, жан-жақты дайындалып, инновациялы технологиялар мен, дұрыс ұйымдастырылған ойын түрлерін сабақ барысына кіріктіре білген педагог – сапалы ұрпақтың жарқын болашағына кепіл.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырайымжанов Қ.Т. Ойын технологиясын бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерісінде пайдалану. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Эпиграф» баспасы, 2016. - 238 бет.

2. Тәжібаева С.Т. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың технологиясы. – Алматы: «Ғылым», 2003 ж.

3. Көшімбетова, С.А. Бастауыш сыныпта оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды тиімді ендіру жолдары. Оқу-әдістемелік құрал / С.А. Көшімбетова. - Тараз: ТарМПИ, 2017.

4. Педагогика. Оқулық / Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. - Алматы: Print-S, 2005.

5. Бұзаубақова, К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері [Мәтін]: Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : Білім, 2019. – 424 б. - ISBN 978-601-7903-51-3.

6. Манкеш, А.Е. Мектепке дейінгі және бастауыш білім сабақтастығы [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / А.Е. Манкеш. - Алматы : Альманахъ, 2019. – 158 б. - ISBN 978-601-7945-19-0.

7. Мустояпова А. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру // Бастауыш мектеп. - № 3. - 2003. - 22-26 беттер.

## **3.22. Тарих сабағын оқыту процесінде электрондық білім беру ресурстарын пайдалану тәжірибесі**

### **Рая Анарбековна Самбетжанова**

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,  
мектеп-интернат, колледж (Алматы қ., Қазақстан)

Қазіргі білім беру жүйесі мұғалім іс-әрекетіндегі басымдықтардың өзгеруіне әкеледі: оқыту емес, оқушылардың өз бетінше шығармашылық ізденісіне жағдай жасау. Электрондық білім беру ресурстарын (ЭББР) пайдалану оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін табысты қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық құзырет дегеніміз:


- іздену дағдыларын меңгеру;
- тарихи, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық ақпаратты жүйелеу;

- талқылаудың негізгі сәттерін талқылауға қатысу, талқыланатын мәселелер бойынша өз ұстанымын қалыптастыру және оны дәлелдеу үшін тарихи, құқықтық және т.б. ақпаратты пайдалану;

- ұсынудың сәйкес формалары мен әдістерін таңдай отырып, өз жұмысының нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну мүмкіндігі.

Интернет желісі мұғалім мен оқушыларға тарих сабағында материалды меңгеруде мол мүмкіндіктер береді. Белгілі бір кезеңнің мәдениетіне қатысты мәселелерді оқу барысында цифрлық білім беру ресурстарын көрнекі құрал ретінде пайдалануға болады. Оқулық иллюстрациялары мәдениеттің негізгі жетістіктерін толық бейнелеуге, сәулет ескерткіштерін немесе авторлардың суреттерін көрсетуге және виртуалды турларды ұйымдастыруға болады.

Тарихи дереккөздерді пайдалана отырып сабақтарды өткізу үшін тарихтың әртүрлі кезеңдері бойынша көптеген құжаттары бар сайттардағы материалдарды пайдалана аламыз.



1 сурет. Сандық білім беру ресурстары

Мысалы, «Электрондық ресурстар кітапханасы» 3000-нан астам хаттар, актілер, естеліктер және басқа да құжаттарды талдауға ұсынады. Сайтта түрлі тарихи оқиғалар туралы мақалалар, өткен дәуірдің көрнекті тұлғаларының өмірбаяндары, цифрландырылған тарихи құжаттар бар.

ЭББР немесе Интернет арқылы дайындалған хабарламалар сабақтың әртүрлі кезеңдерінде, соның ішінде болжамды тапсырмалар ретінде, сондай-ақ тарихты оқу мотивациясын арттыруға арналған зерттеу және шығармашылық жобалар ретінде пайдаланылуы

мүмкін. Мазмұны жағынан ең үлкен ресурс – сандық білім беру ресурстарының бірыңғай жинағы <http://e-history.kz/ru/scorm>, ол әрбір тарих сабағының дамуын қосымша материалдармен: иллюстрациялармен, карталармен, деректі дереккөздермен және интерактивті тапсырмалармен ұсынады.

Өкінішке орай, интернетке қолжетімділік шектеулі болғандықтан, сабақта мультимедиялық презентацияларды пайдалануға көбірек көңіл бөлінеді. PowerPoint презентациялары сабақтарды өткізудің әртүрлі формаларында және сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады. Мультимедиялық презентацияларды тарих сабақтарында, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарда қолдану көрнекілік мәселесін шешуге мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді; пәнді оқуға деген ынтасын арттырады.

Оқушылардың презентация жасауы оларды шығармашылық белсенділікке ынталандырады. Әркімнің материалды көрсету формасы мен слайдтардың дизайнын өз бетінше таңдауға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, ол материалды барынша әсерлі ету үшін барлық мүмкін болатын мультимедиялық құралдарды пайдалана алады. Өзірленген презентациялар пәндер бойынша жүйеленген. Сыныпта оқушыларымыз оқиды, сұрақтарға жауап береді, дәптермен жұмыс істейді, бірақ бұл жұмыс оларға әсер етпейді, жалықтырады, қызығушылық танытпайды. Әрине, олар бір нәрсені үйренеді, бірақ пассивті қабылдау және ассимиляция берік білімнің негізі бола алмайды. Сондықтан да, менің ойымша, заманауи электрондық білім беру ресурстарын (ЭББР) пайдалану оң нәтиже береді. Тарих сабағында ЭББР қолдану түсініктілігіне байланысты материалды түсіндіруді жеңілдетеді, өкінішке орай, бұл әрдайым жеткіліксіз және балалардың қызығушылығын тудырады.

Тарих сабағында компьютер мен мультимедиялық бағдарламаларды пайдаланудың қандай артықшылықтары бар? Біріншіден, оқытудың көрнекілік, қолжетімділік, жүйелілік, жүйелілік сияқты дидактикалық принциптері кеңейіп, байытылады.

Сабақты ЭББР арқылы модельдеу (интерактивті кестелер, карталар, диаграммалар, компьютерлік тестілеу және т.б.) мектеп оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, бұл балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әрекеттерін белсендіруге ықпал ететіні сөзсіз. Компьютерді пайдалану тарихты оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі, оқушылардың көрнекі-бейнелі ойлауын дамытады, қимыл-қозғалыс және ауызша коммуникация дағдыларын дамытады, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын (іздеу, таңдау, өңдеу, ретке келтіру және т.б.) қалыптастырады. Бірақ мектеп оқушыларының өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыруды ұмытпау керек. Қазіргі сабақта оның маңызы өте зор, өйткені оқушы білімді тек мұғалімнің көмегімен ғана емес, сонымен қатар жеке өзіндік оқу әрекеті барысында игереді, сонымен бірге

мұғалім бұл өзіндік жұмысына бағыт береді. Мұнда да ЭББР мұғалім мен оқушыға көмекке келе алады.

«Электрондық білім беру ресурсы» – бұл терминді қазір әрбір мұғалім естиді. Мұғалімнен бүгінгі күннің шындығы осыны талап етеді. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процестері және олармен тығыз байланысты білім беру қызметінің барлық нысандарын ақпараттандыру процестері қазіргі заманғы цифрлық және электрондық білім беру ресурстарын жетілдіру және жаппай тарату процестерімен сипатталады.

Негізгі жалпы білім беру деңгейінде кез келген пәнді оқуды қамтамасыз ететін цифрлық және электрондық білім беру ресурстарын пайдаланудың негізгі мақсаты – білім сапасын арттыру және оның қолжетімділік дәрежесін арттыру.

Использование ИКТ в преподавании любого предмета таит в себе неограниченные возможности. С помощью этих технологий можно решать такие педагогические задачи, как обучение в сотрудничестве, активизация познавательной деятельности, осуществление дифференцированного, индивидуализированного, личностно-ориентированного подхода, разрешать проблемы разноуровневого и группового обучения. К тому же возможности использования компьютера на уроке впечатляют, создают атмосферу психологического комфорта, ведут к успешности. Принципиальное новшество, вносимое компьютером в образовательный процесс интерактивность, позволяющая развивать активно-деятельностные формы обучения. [8].

Именно это новое качество позволяет надеяться на реальную возможность расширения функционала самостоятельной учебной работы полезного с точки зрения целей образования и эффективного с точки зрения временных затрат. Эти технологии значительно расширяют возможности предъявления учебной информации. Применение цвета, графики, звука, всех современных средств видеотехники позволяет воссоздавать реальную обстановку деятельности.

Компьютер позволяет существенно повысить мотивацию учащихся к обучению, вовлекает их в учебный процесс, способствуя наиболее широкому раскрытию их способностей, активизации умственной деятельности. И именно использование ИКТ на уроках русского языка и литературы позволяет мне наполнить уроки новым содержанием, осуществить дифференцированный подход к учащимся с разным уровнем готовности к обучению, организовать одновременно детей, обладающих различными способностями и возможностями, развивать творческий подход к окружающему миру, любознательность

учащихся, организовать урок в соответствии с современными требованиями.

Внедрение ИКТ на уроках русского языка и литературы позволили мне реализовать идею развивающего обучения, повысить темп урока, сократить потери рабочего времени до минимума, увеличить объем самостоятельной работы, как на уроке, так и при подготовке домашних заданий, сделать урок более ярким и увлекательным.

Хороший урок невозможно представить без хорошо сформулированной темы, постановки его целей и задач, планирования этапов, а также цели на каждом отдельном этапе урока. Обычно для этого используется классная доска, на которой выписываются все необходимые термины, составляются таблицы и схемы. При подготовке таких уроков школьникам дается задание собрать необходимый биографический материал, обработать в определенной программе фотографии, иллюстрации, продумать анимацию. Ученики, опираясь на помощь учителя, намечают план работы, осуществляют подбор материалов, создают презентацию и представляют ее на уроке. Часто темы таких презентаций позволяют осуществить принцип интеграции предметов (например, презентация учеников 9 класса по теме «Искусство серебряного века» можно использовать как на уроках литературы, так и на уроках искусства).

Разнообразные интересы школьников уже не могут быть удовлетворены лишь материалами традиционного учебника и словом учителя. Это и каталоги образовательных ресурсов, и электронная библиотека учебных материалов, включающая различные электронные словари, справочники, энциклопедии.

Интернет-ресурсы представляют обширные материалы, целесообразные для изучения литературного произведения, и как источник накопления литературных знаний (своеобразная энциклопедия), и как средство, позволяющее осуществить литературное развитие учащегося (литературные проекты, гостевые книги, сайты). [8].

Одним из важнейших обще-учебных навыков, способствующим успешности ребенка на каждом этапе обучения, является навык беглого, осознанного чтения. Сегодняшний школьник не любящий и не желающий читать. Поэтому учителю литературы важно заинтересовать ребенка, показать ему красоту поэтического и прозаического художественного слова. Как же познакомить их с содержанием программных произведений? Здесь приходят на помощь диски с записями фильмов по их мотивам.

Конечно, на уроке нет времени посмотреть фильм в полном объеме, но отдельные эпизоды всё же можно использовать и сопоставить с авторским текстом, тем самым включить в анализ литературного произведения даже слабоуспевающих учеников. Диски с записями произведений различных поэтов и писателей я использую

на своих уроках тоже очень часто не только для того, чтобы ознакомить учащихся с текстом конкретного произведения, но показать им идеальное выразительное чтение в исполнении профессиональных артистов. Стремление читать так же, стремление к совершенству - это тоже необходимый и нужный урок. Применяя различные технологии на уроках, учитель добивается успеха: результаты обучения становятся выше. Учитель чувствует себя более уверенно, так как владеет современными методиками. [9].

Таким образом, организация исследовательской деятельности на уроках русского языка и литературы позволяет развить: навыки аналитического мышления в процессе анализа информации, отбора необходимых материалов, ассоциативное мышление в процессе установления ассоциаций нового учебного материала с ранее изученным, логическое мышление, умение выстраивать логику доказательств, внутреннюю логику решаемой проблемы, умение рассматривать проблему в целостности связей и характеристик, опираться на ранее изученный материал.

#### **Список литературы:**

1. Канарская О.В. Инновационное обучение. СПб., М. - 2012 г.
2. Мировые образовательные технологии: основные тенденции, проблемы адаптации и эффективность. Материалы республиканской научно- методической конференции, 25-26 апреля, Алматы.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать: Учебное пособие. А., 2009.
4. Никитин А.Ф. Педагогика прав человека. М.
5. Педагогические мастерские: теория и практика. Сост. Н.И. Белова, И.А. Мухина. СПб, 1998.
6. Соосар Н., Замковая Н. Интерактивные методы преподавания и учения. СПб., 2004.
7. Johnson D.W., Johnson R.T., Youtube E.I. Circles of Learning: Cooperation in the Classroom. Minnesota.
8. Развитие творческих способностей и личности учащихся/ Русский язык в школе. – 2001. - № 6. с. 21-25.
9. Чередникова О.И. Информационные технологии в работе учителя русского языка и литературы. Русский язык. 1 сентября 2009, № 5. с. 2-3.



## **5.7. Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыру**

**Меруерт Қайратқызы Өтембет**

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

Лингвомәдениеттану - бұл лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысқан тұсында пайда болып, тілде көрініс тауып, орныққан халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым.

Тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігі сол зерттелетін ұлттың мәдениеттің негізгі параметрлерімен (құндылықтар, түсініктер, принциптер) сәйкес келуі керек. Егер ол болмаса, тұлғаның қоршаған ортамен конфликтісі пайда болады. Егер қондырғылардың сәйкес келмеуі субмәдениет пен ұлттық мәдениеттің арасында болса, онда қоғамдағы жеке адам топтарының оқшаулануы туындайды. Оқшаулағыштық ең нашар көрсеткіштерге дейін әкеле алады, мысалы экстремизм.

Лингвомәдени құзыреттілік мазмұны бойынша ұлттыққа жатса, ал мәні бойынша мультимәдениеттілікке жатады, өйткені бүгінгі таңдағы адам ғаламдық әлемде өмір сүреді және оның мәдени танымдары басқа ұлттардың мәдениеті туралы ақпараттардан тұруы керек, бұл оған білімге, ғылымға және басқа да кәсіби қызмет түрлеріне жол ашады [1, б. 83].

«Лингвомәдени құзірет» ұғымын қарастыра отырып, зерттеушілер көркем сөз және сөздік емес тәртіп біліміне (Э.И. Соловцова, Н.Д. Гальскова) бағыттайды. Берілген құзірет түріне ие болуы:

- ағылшын тілін сапалы түрде үйреуін;
- дүниетанымдық пен жалпымәдени білімнің айқындылығын;
- оқушының білім құмарлығын, ой өрісін, ұстамдылығын, ағылшын тіл мәдениет өкілдерімен тілдесу қабілеті мен өз мәдени сапа сезімін дамытумен;
- болашақ педагогтардың өз ойларын өз және ағылшын тілінде жеткізуі дамыту мен ауызша және жазбаша сөйлесу мәдениетін үйренуін қамтамасыз етеді.

Лингвомәдени құзыреттілік сол мәдениеттің өкілдерімен әр түрлі салаларда қолданыла алады: саясат, ғылым, әдебиет, шығармашылықтың барлық мүмкін түрлерінде, соның ішінде музыка көркем өнер, сурет, би және т.б. және оның жеке аспектілері жеке индивидтер мен адамдардың топтары үшін өлшене алады.

Лингвомәдени құзыреттілік мәдениет аралық құзыреттіліктің негізгі құрам бөліктерінің бірі болып табылады, оның қалыптастыру қазіргі кезде ағылшын тілдеріне үйретудің негізгі мақсаты болып табылады. Бұл мәселені зерттеушілер ағылшын тілін меңгерудің ең соңғы сатысы

лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейімен анықталады деп айтады.

Лингвомәдени құзыреттіліктің моделін жасау үшін ең алдымен оның пәндік-мазмұндық және процессуалдық толықтырылуын анықтау керек.

Лингвомәдени құзыреттілік құрамының толықтырылуының мәселесін, яғни модельдеудің объектісін қарастыра отырып, дәстүрлі түрде көптеген ғалымдардың мазмұндық аспектіні «білім», «әдет» терминдерімен қарастыратынын айта кеткен жөн.

Мектептегі оқушыларды тәрбиелеудің негізгі мақсаты – болашақ өмірде өз орнын таба алатын, болашақ кәсібін дұрыс таңдай алатын тұлғаны дайындау. Оқушылардың бойында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру өздері субъект болып табылатын өзге елдің мәдениетін тану болып табылады. Оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігі мектептің лингвистикалық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарымен әсерлесуінде қалыптасады. Ағылшын тілінің тарихын зерттеуші оқушылардың лингвомәдени құзыреттілік процесінің тиімді қалыптасуы тұлғаның өзіндік дамуына мектептің қабырғасында жасалған жағдайларға байланысты болады.

Жалпыланған күйінде оқу-тәрбиелеу процесіндегі лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы тұлғалық-бағытталған амалдарды қолданудың негізгі принциптері келесідей: оқу-тәрбиелеу процесіндегі тұлғалардың жұптық әсер ету принципі; тұлғаның даму принципі қызметтің мазмұнының проблемалылығының принципі; қызметтің мазмұнының құрылымдануының принципі (модульділігінің); рефлексстік мінез-құлықтың принципі; интеллектуалдық-эмоционалдық қуат пен өзін еркін сезінудің принципі; оқу процесінің барлық қатысушыларының жауапкершіліктерінің бөліну принципі; жеке таңдау мен оған жауапкершіліктің принципі.

Бүгінгі күнгі білім жүйесі келесідей концепцияларды шешуге бағытталған: тұлғалық бағытталғандық (Д.А. Белухин, И.А. Зимняя, В.В. Серикова, И.С. Якиманская және т.б.), білім үрдісінің мазмұнына, формасына және ұйымдастырылуына контекстік әдіс (А.А. Вербицкий), оқу-тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға бүтіндік әдісі (Ю.К. Бабанский); технологиялық амал (В.Д. Шадриков), шығармашылық әдіс (В.А. Кан-Калик).

Оқушылардың лингвистикалық дайындығын ескере отырып, мынадай әдістерді бөліп көрсетуге болады: компетенттік (Н.И. Гез, А.Г. Крупко, D. Ваакке, А. Palmer), мәдени (Ж.Л. Витлин), лингвоелтанулық (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров), лингвистикалық (И.Л. Бим, Н.Д. Гальскова, М.Д. Городникова, А.А. Миролубов, К.И. Саломатов); коммуникативті (И.А. Зимняя, Е.А. Маслыко, С.Ф. Шатилов); әлеуметтік мәдени әдіс (В.В. Сафонова).

Ал лингвомәдени құзыреттілікті іске асыру кезінде тұлғаның бойында мынадай қасиеттері дами түседі:

1. Әлемге деген эмоциялық-бағалық қарым-қатынасы, сезімдері, эмоциялары өзгереді;
2. Оқушылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік бейімделуі байқалады;
3. Мәдениет аралық субъект ретіндегі оқушының белсенді коммуникативті ұстанымы қалыптасады;
4. Жан-жақтылық, мәдени қарым-қатынас, мақсатқа ұмтылушылық, бірлесіп жұмыс істеу, жауапкершілік, шығармашылық белсенділік сынды қабілеттері дамиды;
5. Зияткерлік және танымдық қасиеттері дамиды, соның ішінде өз бетінше ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылығы артады;
6. Өнімді жұмыс істеу шығармашылық қабілеті жетіледі, зерттелетін тілді қолдану арқылы ғылыми-зерттеу тәжірибесі пайда болады.

Әлеуметтік лингвистикалық құзырлық аймағына педагогикалық қатынас ұйымдастыру мен нақты педагогикалық жағдайды ескеру шеберлігі кіреді, тілін үйреніп жатқан елге тән болмыстар, ерекше сөз тіркестер, тілдік қатынастың өзгеше ережелері пайдалану шеберлігі кіреді, яғни мәдениет, дәстүрлердің әсерін куәландыратын тілдегі өзгешеліктер. Әлеуметтік ережелерге (әртүрлі жыныс, ұрпақ, әлеуметтік топтар өкілдері арасындағы қатынас ережелері, жақсы әдеп ережелері, аталмыш қоғамда қабылданған арнайы салт жоралғылардың тілдік бекітілімдер) байланысты әлеуметтік лингвистикалық компонент әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қатынасты тілдік дайындауға зор ықпал жасайды [2, б. 94].

Лингвоәлеуметтік-мәдени құзырлық тілді мәдениет микроскобымен қарастыру қабілеттілігі – мамандарды кәсіптік дайындаудың негізгі құрамдас бөлігі.

Әлеуметтік және мәдени орта сияқты компонентке жүгінетін лингвистикалық әлеуметтік-мәдени әдіс лингводидактика дамуының қазіргі заманғы кезеңінде ағылшын тілін оқытудың ең маңызды әрі толық қамтушы әдістің бірі [3, б. 92].

Ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелерінің бірі бүгінгі таңда тіл иесі әлемін анағұрлым тереңірек зерттеу қажеттілігі есептеледі. Қатынасқа түсетін адамдардың ойлау қалпын қалыптастырған тарихи және мәдени дәстүрлерді зерттемей, әлеуметтік және саяси мәдениетті білмей, әлеуметтік-экономикалық жүйені талдамай қатынас құралы ретінде тілді зерттеу мүмкін емес.

Әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік лингвистикалық құзырлықты қалыптастыру үшін интернетті қолдану маңызды. Ағылшын тілін оқытудың ең басты міндеті – оқушылардың (үйренушілердің) мәдениетаралық және кәсіби коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру. Оны тануға бағытталған ағылшын тілін оқыту-лингвистикалық (тілдік), дискурсивтік (сөйлеу), әлеуметтік-мәдени және басқа компоненттерден тұратын күрделі интергративті тұтастыққа негізделген. Атап айтқанда,

лингвистикалық компонент – оқып үйренетін тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстары мен сол тілдің қалыптасқан заңдылықтарын оқушылардың өзара қарым-қатынаста қолдана білуге үйретеді.

Көрсетілген құзырлықтарды қалыптастыру үшін ағылшын тілін оқып үйренушіге тілін үйреніп жатқан ел туралы (географиясы, тарихы, мәдениеті, экономикасы және т.б.) белгілі бір білім және де ағылшын тілі иелерінің өмір сүру үлгісі, салт-дәстүрлері жайлы қандай да бір мағлұматтарға ие болуы керек.

Ел туралы білімді тиісті әдебиет оқып алуға болса, халықтың өмір сүру салты, дәстүр, ғұрыптарымен танысу үшін тілін үйреніп жатқан елдегі қатынастың нақты жағдайларына олардың мінез-құлығымен танысу қажет. Мұндай мүмкіндікті интернет ұсына алады. Интернет технологиялар тілдік ортаны барынша тез жасауға және оған кіруге мүмкіндік береді, яғни тілдің функционалдық принципін жүзеге асыра отырып өзге мәдениетке еруге мүмкіндік жасайды.

Міне сондықтан да интеракция құралы ретінде де, білім алудың құралы және ажырамас жабдығы ретіндегі интернет арқылы жаңа технологиялар ұсынып отырған бар мүмкіншіліктерді толыққанды пайдалану қажет. Басқа ғаламтор-ресурстары мен веб-сайттарымен жұмыс, ғаламтордағы ақпараттарды қабылдау ерекшелігі бойынша:

- ғаламтор-ресурстарымен, веб-сайттармен жұмыс істеу іскерлігін дамытудағы бағытталған тапсырмалар;
- әртүрлі оқу түрлерін дамытуға бағытталған тапсырмалар;
- электронды мәтіндерді соның ішінде тез оқуды қабылдауға бағытталған тапсырмалар;
- ақпаратты қабылдау құрылымына бағытталған тапсырмалар.

Ақпараттық мазмұнын (алдын-ала білу, алдын-ала болжау) антиципацияға бағытталған тапсырмалар, В.В. Сафонованың келесі мәдениеттанымдық тапсырмаларды классификациясын негізге алды, С. Пустовалованың мәдениеттанымдық оқу тапсырмаларының типологиясы, Е.И. Федотовтың сыни ойлау іскерлігінің интеллектуалды қалыптасуы үшін тапсырмалар типологиясы [4, б. 30].

Осы типологиядағы тапсырмалар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар заманауи тәсілдерін қолдану мен аутентикалық ағылшын тілдік материалдарда құрылған ақпаратты сыни қабылдау, ақпараттар ағымының қарқынды өсуіне тез үйрену істерін дамытуға бағытталған. Ұсынылатын типология негізінде екі оқу құралы басылып шықты «British Web – papers in Intercultural Communication», «The System of Education in Britain, the USA and Russia. Studying at Home or Abroad?» Тіл әрекетінің барлық түрлеріне оқыту барысында тіл іскерлігін дамытумен сыни ойлау әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту және берік байланысты немесе оқу барысы мынадай түрде ұйымдастырылуы қажет; үйренушілерге тілдік ойлау әрекетінің мүмкіндігін ұсыну керек, яғни оларда өз пікірін, өзінің көзқарасын айту,

әрдайым ойындағысын айту, тілегін қолдау қажет. Тілдік ойлау барысына қатысуда уәждің негізгі қайнар келесі жағдай немесе қарама-қайшылық болып табылады, сондықтан оқу материалы проблемалық мінезі болу қажет. Бұл мазмұнды ұғынуға ерекше көңіл бөлуге, яғни жұмыс істеуде ой жай ғана білімді алуды ғана емес, сонымен қатар өз еркімен тәуелсіз зерттеу мен шешім іздеу барысында білім мен іскерлікке тәуелсіз жетуге мәжбүрлейді. Мектеп оқушыларына ағылшын тілін оқытуда сыни ойлау мен әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту жеке үйрену тәсілі әртүрлі оқу түрлерінің әрекеттесуі қалпында өзара байланысу барысында тиімді ұжымдық жұмыс істеу түрі жағдайды сараптауда, келесі бағыттағы рольдік ойындар, ағылшын тілдік мәдениеттанымдық – бағдарлау дискуссиялар, мәселелерді талқылау барысында қолданады. Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындауда шағын топтарда қызмет істеу жұмыстары ұйымдастырылады [5, б. 63].

Тапсырмалар немесе рецептивті тапсырмалары орындау кезінде, қайта дайындықты қажет ететін оқушылардың жеке жұмыс істеуі маңызды рөл ойнайды. Ғаламтор-ресурстарының ерекшелігін ескере отырып жиі таңбалы мәтіндерді мақсатқа сай қолдану, оқу кезінде ақпаратпен жұмыс істеу іскерлігі, ақпараттың өзгеруі мен тез жаңаруы жеткілікті. Сонымен қатар, веб-сайттарда және бұқаралық ақпарат құралдарында таңбалы сияқты мәселелерге авторлардың әртүрлі ұстанымдарын салыстыру, баға беру, синтез жасау, жинақтау, әрі қарай сараптауда икемділігі мен ақпаратты деректемелермен шығару іскерлігі, яғни, мәтіннің мазмұнын түсінумен байланысты іскерлік пен бірақ, тілдік деңгейде ақпаратты өңдеуді қамтамасыз ететін, тілдік материалдарды түсінумен байланысты іскерліктермен ғана анықтайды, сонымен бірге мәтінді түсіну арқылы анықталатыны белгілі.

Нәтижесінде оқушылар баспасөз материалдарына жақсырақ және тез үйренетін болады, кейін олардың әрі қарай дамуы үшін, ғаламтор материалдары негізінде құрылады.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың бірнеше тиімді әдістерінің бірі:

Лингвомәдениеттанымдық әдіс. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін ең тиімді әдіс. Себебі, бұл әдіс арқылы оқытылатын екінші тілдің ұлттық-мәдени болмысын терең тануға болады және аударуға келмейтін төл ұлттық тіл бірліктеріне ұқсас баламаны оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Абылайдың асындай», «Асан қайғыға салыну» сияқты прецедентті тұрақты тіркестерге балама табу үшін тура аударылмайды, мағынасына қарай, молшылық, қайғыға түсу, мұңдану ұғымдарының мәнін қолдануға тура келеді. Сондай-ақ ағылшын тілінде қыз бала мен бойжеткен сөздерін сипаттайтын, яғни жас ерекшелігіндегі өзгешелігіне қарай таңбаланған тіл бірліктері жоқ. Тек жалпы қыз ұғымын білдіретін girl сөзі ғана кездеседі. Ал орыс тілінде девочка және девушка сөздерінің қазақ



тіліндегі (қыз бала - бойжеткен) балама аударма атаулары бар. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі bank' – өзен жиегі мен shore – теңіз жағалауын білдіретін екі сөз орыс тілінде бір ғана «берег» сөзімен таңбаланады. Ал қазақ тілінде өзен жиегі теңіз жағалауы немесе өзен жағалауы, теңіз жиегі деген тіркестер жарыспалы қолданыла береді. Осындай ерекшеліктер лингвомәдениеттанымдық әдіс арқылы жүзеге асырылады. Тіл мен мәдениетке қатысты лингвистикаға тән көзқарас мәдениет туралы кейбір түсініктерді қолдана отырып, лингвистикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Алайда көптеген ғалымдар лингвомәдениет бұл тілдегі халықтың мәдениеті туралы мәліметтерді толықтыру емес, ал керісінше тілде көрініс тапқан мәдениетті зерттеу болып табылады деп есептейді.

Лингвомәдениет лингвистиканың бір бөлігі болып табылмайды, өйткені тіл мәдениет үшін зерттеудің нысаны емес. Лингвомәдениет көп бөлігінде тілдегі мәдениеттің көрінісі бар, лингвистикалық әдістер мен лингвистикалық құбылыстарды мәдениетті зерттеу үшін қолданылады.

В.И. Постовалованың ойынша, лингвомәдениет мәдениеттану мен лингвистиканың негізінде жатқан өзінің басқа ғылымдардан ерекшелігін көрсетеді. Лингвомәдениет этнография, лингвистика, психология мен әлеуметтану әдістерінің көмегімен халықтың мәдениетінің элементтерін қарастырумен лингвомәдениет анықталады [6, б. 83].

Берілген проблеманың төңірегінде екі аралық түсінікті қарастыру керек:

- мәдени және лингвомәдени құзыреттілік. А.Я. Флиер лингвомәдени құзыреттілікті берілген ортадағы адамның жалпы әлеуметтік эрудициясының, ережелердің, салт-дәстүрлердің, заңдардың, тыйым салулардың, этикеттердің және басқа да мінез-құлықтардың регуляторларының, коммуницирлеудің вербалды және вербалды емес жүйесінің, көпшілікпен қабылданған символдардың жүйесінің, ориентациялардың идеологияларының және құндылықтарының нормасы ретінде анықтайды.

Өркениеттің дамуы үшін әр түрлі байланыстың формаларының болуына орай, қарым-қатынасқа жауапты мәдени құзыреттіліктің бөлігін көрсеткен дұрыс, оның жеке аспектісі ретінде лингвомәдени құзыреттілікті бөліп көрсетуге болады. Лингвомәдени және мәдени құзыреттіліктің айырмашылығы – бір бөлік пен толықтықтың айырмашылығы, соның ішінде: лингвомәдени құзыреттілік бұл – берілген мәдениетте байланыстық қарым-қатынасты орнатушы мәдени құзыреттіліктің бір бөлігі.

Оқытушының лингвомәдени құзыреттілігі екі құрамнан тұрады:

1) интрамәдени құзыреттілік – өзінің лингвомәдени нормаларын, ережелерін және салт-дәстүрлерін білу;

2) мәдениетаралық (немесе интермәдени) құзыреттілік – басқа лингвомәдени қауымның жалпы лингвомәдени нормаларын, ережелерін және салт-дәстүрлерін білу.

Нақты бір лингвомәдениетті ұстанушыда лингвомәдени құзыреттіліктің қандай да бір бөлігі көп немесе аз бір деңгейде беріле алады, оқу процесінде тұлғаның мәдени, әлеуметтік, лингвистикалық дамуында олардың құрамы мен қатынастары өзгеруі мүмкін.

Лингвомәдени құзыреттілік өзінің құрамы бойынша біркелкі емес. А.Я. Флиер айтып көрсеткендей, лингвомәдени құзыреттілік олардың коммуникативтік жүзеге асырылуында меңгерілген компоненттерді зерттейді:

- институционалдық құзыреттілікті (қоғамның саяси және құқықтық институттары туралы білім);

- конвенционалдық құзыреттілікті (этикеттің ережелерін салт-дәстүрлерді, нормаларды білу);

- семиотикалық құзыреттілік (берліген мәдениетке тән әр түрлі белгілерді, соның ішіндегі әлеуметтік абыройдың символдарын білу);

- лингвистикалық құзыреттілік (оның бірнеше әлеуметтік нұсқаларындағы тілді меңгеру: ауызша немесе жазбаша, ресми және ауызекі) [7, б. 58].

Осындай барлық құрамдарды білу мен меңгеру мектеп оқушысының лингвомәдени құзыреттілігін айқындайды. Шартты түрде лингвомәдени құзыреттілікті білудің төменгі, орташа және жоғары деңгейлерін бөліп көрсетуге болады.

Лингвомәдени құзыреттілік деп бір-бірімен байланысты және белгілі бір адамдардың (этикалық, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби, жас ерекшелікті және т.б.) санасында көрініс тапқан, тіл мен мәдениеттің әр түрлі құбылыстарын кешенді түрде зерттеудің әдісі болып түсіндіріледі. Бұдай біз лингвомәдени құзыреттілік тілдік және мәдени құзыреттіліктің шегінен шығатынын білуімізге болады. Біздің түсінігімізде лингвомәдени құзыреттілік бұл кең ауқымды сөз.

Сонымен, ағылшын тілінде оқу процесінде елге тән материалды пайдалану оқу процесін ынталандыратын жағдайлар жасайды; оқушылардың танымдық іс-әрекетінің аясын тереңдетуге және кеңейтуге ықпал етеді; ақпараттық-білімдік олқылықты толтырады; жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға және сонымен бірге зерттелетін елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және мәдениетін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Жоғарыда аталған ағылшын тілін оқытуда оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарынан интернет ұсынатын мүмкіндіктерді ерекше бағалағым келеді. Себебі, интернет – қазіргі замандағы қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда интернетті қолданудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту

мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді, шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Интернет «Жаңа ғасырдағы Ағылшын тілін оқытудың әдістемесіне» енгізіліп келеді. Оны пайдалану оқытушының жұмысында стандартты емес әдістерді қолдануға көмектеседі:

- шығармашылық оқу тапсырмалары (виртуалды саяхат, экскурсия, әдеби саяхаттар), сөйлеу, оқу, аудио, хат жазудың өабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар;

- алынған білімдер мен қабілеттерді тексеруге арналған тестілік тапсырмалар;

- оқушыларды сабақтан тыс жобалық істермен айналысуға қалыптастырушы жобалық қызмет;

- оқушылардың өзіндік ізденушілік қабілеттерін дамыуына бағытталған тақырыптық презентациялар, оларды дайындауда оқушылар интернетті кеңінен қолданады.

Осылайша, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың дамыған педагогикалық моделінің мазмұны мен тетіктерін іске асыру мысалында оқушыларға мақсатты әсер ету және әсер ету арқылы мәдениетаралық оқытудың оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін нақты мүмкіндіктері мен қажетті білім беру құралдары бар деп қорытынды жасауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Воробьев В.В. «Лингвокультурология (теория и методы)», Москва: РУНД, 1977, 178 бет.

2. Орлова Э.А. Культурная (социальная) антропология / Э.А. Орлова. – М.: Академический проект, 2004. - 408 бет.

3. Городецкая Л.А. Лингвокультурная компетентность и лингвокультурные коммуникативные компетенции: разграничение понятий / Л.А. Городецкая // Вопросы культурологии. - 2009. - № 1. – 48-51 бет.

4. Постовалова В.И. Лингвокультурология в свете антропологической парадигмы (к проблеме оснований и границ современной фразеологии) / В.И. Постовалова // Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки русской культуры, 1999. - 288 бет.

5. Стернин И.А. Введение в речевое воздействие / И.А. Стернин. – Воронеж: Полиграф, 2001. - 252 бет.

6. Флиер А.Я. Культурология для культурологов. А.Я. Флиер. – М.: Академический проект, 2000. - 496 бет.

7. Подгорбунских А.А. Формирование лингвокультурной компетентности: теоретические и прикладные аспекты / А.А. Подгорбунских // Педагогические исследования: сотрудничество школы

и ВУЗа: Сборник научно-методических трудов преподавателей ВУЗа и школы / Под общ. ред. Т.Н. Карасевой – Вып. 3.

## **5.8. Ғабит Мүсірепов әңгімелерінің синопсисі – айқын ақпарат**

**Гүлжан Қажымұратқызы Тулекова**

«Тұран» университеті ф.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор

Ахмет Байтұрсынұлы тіл ұлағаты - ой көркемдігінің құралы деген. Ғалым Д. Әлкебаева зерттеулерінде «Қазіргі стилистика ғылымының проблемалары, өте кең тілдік пәндері кешенді түрде зерттелуді қажеттіңдігін атап өткен. Сонымен қатар ғалым, адамдық фактордың сөзді саналы түрде ұйымдастыруын есепке алып отырады, тілдік емес ситуациялар мен контекстің тікелей ықпалы арқылы дискурс пен мәтіндегі стилистикалық мүмкіндіктердің жүзеге асуын қамтамасыз етеді» деген. Стилистикада тақырыптық және жағдаяттық сәйкес сөйлеудің фигураларды пайдалану, логикалық сөйлеуді құрастыру техникасы функционалды стилистикада көрініс табады.

Жалпы шығарма тіліні тану арқылы автордың болған оқиғадан хабар беруі ақпарат болып табылса, сол ақпаратқа авторлық көз қарастың берілуі авторлық бейне есебінен көрініс береді. Бұлай дейтін себебіміз, синопсис мазмұндық құрылымға жалпы көзқарас болатындығы. Ағылшын зерттеушілері Фернандо, Джовита Н., Хабана, Пакита И., және Цинко, Алисия Л. «Ағылшын тіліндегі жаңа перспективалар» Рекс, 2006 жыл атты еңбегінде осы туралы айтып өтеді [1].

XXI да синопсис полемикалық аргументтің немесе оқиғаның қысқаша мазмұнын да көрсетеді, сонымен қатар сіз шолуға немесе есепке кіретін конспект сияқты бола аласыз деген қорытынды бар. Ал синопсис құрылымы белгілі бір өлшем бірліктерден тірек етіп алынады. Олай болса, адамның дене мүшелерін сөйлету Абай Құнанбаевта жүрек пен сананы сөйлету, ақын Мұқағалида аяқ пен көзді сөйлету, адам мен қайыңды алмастыра сөйлету кезіксе, Ғабит Мүсірепов көз, арқа, тастытың әңгімесін жазады. Дене мүшелерін сөйлету арқылы тақырыптың сюжетін ашып, саралай беру асқан стратегия. Профессор Б. Шалабаевтың еңбектерінде көркем әдебиет стилистикасының объектісі; бейне және бейнелік ұғымдарының мазмұны, оны жасауға тілдің қатысы; көркем шығарманың тілі мен оның идеялық-бейнелі мазмұны, жазушы көзқарасы арасындағы байланыс; көркем шығарма тілін ұйымдастырушы тұлға-бірліктер; көркем шығармадағы автор бейнесі және оның тілдік құрылымы; көркем шығарма тілін зерттеудің принциптері, жолдары, әдіс-тәсілдері [2, 87] болып табылатындығын алға тартады.

Зерттеуші Ә. Ыбырайым өз еңбегінде Д. Әлкебаева көркем әдебиет стилінің тереңінде иерархиялық мағыналық деңгейлердің стилистикалық қабаттарының түзілетінін көрсетеді: заттық мағына (денотативті кеңістік); бейнелі мағына (көркем әдебиеттің эмоционалды-бағалауыштық кеңістігі); идеялық мағына (көркем әдебиет стилінің концептуалды кеңістігі) [2, 88].

Синопис – ақпаратты жинақтау, негізгі сюжеттерін жинақтайтын шолу, ал құрылым бөлік ретінде беріледі. Оқырманды әдеби сапардың басынан аяғына дейін немесе аяқталғанға дейін жетелейтін карта ретінде қызмет сол бір әңгіменің атау екендігі баса назар аудартады [1]. Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймай, суреткерлік тұрғыдан екшеп, көркем жеткізуі, сюжетті шеберлікпен өрбітуі, көркем тілі шығармаларын түр мен мазмұн тұрғысынан байыта түсіп қана қоймайды, ақпараттың шынайылығын сақтай отырып беретіндігінде. Оның қаламынан туған романдар мен әңгімелер замана жырын қозғаған шығармалар қатарынан орын алады. Олай болса, ғылыми зерттеудің негізі жалпы синописік құрылым екендігін ескергеніміз жөн. Ғабит Мүсіреповтың «Көз» әңгімесі, «Арқа» әңгімесі, «Тастың» әңгімесі осыған дәлел.

22 абзацтан тұратын бұл әңгіме құрылымы 4 – ші абзацтан оқиғаның лезде қалай басталғандығын тақырып аралық сөйлемдермен бере отырып, оқырманның ойын бірден алғашқы жайма шуақ кездесудің астан-кестен шыққан сәтінен береді.

«Көз» әңгімесі 20 жыл бойы қараңғылықта көре тұрып, әп-сәттен көрмей қалған көздің запыранын төгіп жіберді. Әңгімесін баяндаған автор жағдаяттық сәйкес сөйлеудің фигураларды пайдалану арқылы былай береді: «Аң-таң, аспанға қарадым. Аспан мен қала арасына ақ қардан жасалғандай аппақ ақ шулан, от пен қарды араластырып жасағандай от шулан бір баған орнап қалыпты. От төгіп тұр, көзің қарай алмас жарық төгіп тұр. Жоғарғы жағы ақ қалпақтанып, бұрқырап қайнап, кеңейіп барады. Төменгі жағы қаланың қай жеріне қадалғанын андай алмадым. Жуандығы дейсіз бе, қалай десем екен? Біздің қаланың орта тұсында көрме сарайы болатын. Дөңгелектеу салынған сарай еді. Соның қаңқасы әлі құламай тұр дейді... Бағанның жуандығы маған сол сарайдай сезіледі... Осы суреттеудегі сәйкестікті айқын ақпаратпен салыстырсақ былай беріледі: Ядролық саңырауқұлақ – қуатты дүмпуден кейін пайда болатын, ядролық жарылыстың өнімі. Ол атомдық жарылыстың бір сипаттық көрінісі болып табылады. Хиросима метеорологиялық обсерваториясы бірден жарылыстан кейін дымқыл қара бұлт жерден үлкейе түсіп және мың метрге жуықтайтын биіктікке қаланы жаба көтерілді деп, хабарлады. Шағылысқан радиация кеткен кезде, сұр түтін секілді осы бұлттар жарылыстан кейін бірден 5 минут ішінде, 8000 метр биіктікке дейін көтерілген. Осы ақпаратты Ғабит Мүсірепов «Көз» әңгімесінде былай деп береді. Біздің қаланың қақ жарты халқы екі секундта қырылып қалды. Жанып, күл болып кетті. Күл



болып кетпегендері қолдан өртелді. Бұл соғыстық қала емес, қатын-қалаш, бала-шаға, кемпір-шалдың бейбіт қаласы болатын. Біреуге істеген зұлымдығы да жоқ, әзірлеп жатқан қауіпі де жоқ, қызығары да жоқ қала еді. Менің балаң ойым әлі жетпейді, біз не жаздық, кімге жаздық? Еркек жоқтықтан көрші поселкенің мектебін жөндесуге кетіп бара жатқан қыздардың жазығы не? Жиырма екі қыз бір сәтте күл болды, тозаңға айналып кетті. Жиырма үшінші мен ғана аман қалдым. Аман қалдым деймін-ау, қай бір амандық... Бұлтсыз күні жаңбыр күткен шерменде деген көздің ыза булаған ашуын, кімге не жаздық деп сұрақ қойып оқырманға да өкпесін білдіреді [3].

Шынайы ақпараттың берілеуінде: «Энола Гэй» экипажының бір мүшесі (*микел. ауд. – шындығына келгенде, оқиға Роберт Льюис жайлы*) ұшу журналына: «9:00 А.М. Бұлт зерттелінді. Биіктігі 12 мың метр және одан да жоғары». Алыстан бұлт саңырауқұлақ секілді көрінеді, жерден өсіп шыққандай, ақ түсті қалпағы бар және айналма шеттері қоңыр келген сарылау бұлт. Бұл түстердің барлығы араласып, қараға да аққа да, тіпті қызыл немесе сары деуге келмейтін түс құралды» - деп, жазады [3].

Ғабит Мүсіреповтың «Көз» әңгімесінде детальді суреттеруіне тоқталсақ, мектеп бітіруге 1 жыл қалғанда деген 15 жасар қыз баланың 35-ке келіп отырған үмітін сөйлетуінен туындайды. Көзі көріп кетсе, 1 жыл қалған мектебін аяқтау арманым еді, деп келтіруі оқырманның аянышын оятады. Психологиялық зерттеулерде адам санасына таңба арқылы әсер ету екі негізгі түрге бөлінеді, бірі – сендіру, екіншісі – көндіру. Автор әр уақытта өзінің жадында тұрған эмоционалдығын дайын күйінде жұмсауға ниеттеніп тұрады, кейде адресант ішкі сезімнің әр түрлі контрастарынан айырылу үшін қажетті етеді. Стильде адресант адресаттың интеллектісіне ықпал ету үшін стилистикалық фразеологизмдерді пайдаланады. Бұл - дискурстық стратегия. Яғни, оқырманның ойына сұрақ қоя отырып, өзі жауап беруімен ой бөліседі. Сонымен қатар, әңгімелеуші «көздің» тас балқып, темір еріп деген сөздер қай елде де болу керек. Ал тас пен темір қас қаққанша күйіп, күл болып кеткенін неменеге теңейміз? Үлкен бір қала көзінді ашып-жұмғанша күл болып аспанға ұшып кеткенін неменеге теңейміз? деген сауал оқырманды шығарма жетегіне жетектей түседі. Естуім бойынша қала қалпына келгенген деседі, менің арманым бір көзімді ашып бір көру еді, көріп алып, қайта қараңғылықта отыра берер едім, деген көздің арманын айтып қалады [3]. Ғабит Мүсірепов шебер суреткер Бақшаның мен жақ шеткі ағаштары кесе көлденең жапырылып, жер бауырлап, бүксие берді. Әріректегі ағаштар жоқ. Жапырылған ағаштардан ыстық леп келеді. Көйлек түймелері денеме шегедей кіріп барады. Дөңгелене бергенім есімде... Ар жағы қараңғылық...деп, «Көз» әңгімесінде қараңғылықты көретін адамның көзімен сөйлетеді.

«Арқа» әңгімесінде Ғабит Мүсіреповтың беріп отырған оқиға сыры газет тілшісі жаңалықтар фототілшісі Матсуши мырза 1945 жылдың 6

тамыздағы "Hiroshima Tokuhō" газетіндегі әңгімесінде жазған ақпаратпен бірдей. Фототілшісі фотоға тартып үлгергенше екі көзін жас жуып кеткенін айтады.

Мысалы: Жүздеген қайғылы оқиғаға тап болғандар арасында қатты күйік шалғандығы сондай олардың ер әлде әйел екендігін ажыратып айтуға келмейді, «Ыстық! Ыстық!» деп айғайлап жатқан балалар және оранған күйде қайтыс болған немесе алған жарақатынан көз жұмар халдегі анасының құшағында ораулы жылаған жарақатты сәбилер болды [4].

Автор «Көз» әңгімесінің соңғы абзацтарында кездесетін қарғыс айтушының сөзінде: Дүние желі олай соғып, бұлай соғып, бір теңбіл шаңды соның ішіп отырған шайыңа апарып түсірсе қандай жақсы болар еді дейді. Ар жағы белгілі, о да сондай мүгедек... Туатын баласы қиқышойқы, жарымжан... Баласының баласы тағы сондай авторлық көзқарас осы жерде көрініс берді. Сөйте отырып, мейірімге жаны толы автор көз әңгімесін аяқтай отырып, ел жапон қонақжай, мейірімді халық. Мен ол бәлені ешкімге де тілемеймін. Әсіресе, тоқсан қабат, жүз қабат үйлердің мұндай апатқа ұшырауын тілемеймін. Сол үйлердегі құмырсқа илеуіндей ығы-жығы тұратын адамдардың үйіліп, өртеніп жатқанын тілемеймін. Дүние желі ерсілі-қарсылы соққанда өңкей бір таңбалы шаңдарды, теңбіл шаңдарды бұрқыратып жүруін тілемеймін. Сондайды жоқ ететін күштердің өсуін тілеймін [1]. Осындай көріністі «Арқа» әңгімесінде жеткізген шеберлік бір өлшем бірлік – арқа сөзімен берілгендігі болып табылады. Әңгіме желісінің басталуы «Арқаңнан бұлай түйіп жібергенді білген емеспін. Басым қайқайып барып өкшеме тиді білем. Доғадай иіліп қалдым. Басым кілт қайқайып шалқалай бергенде түйіп жібергенді көріп қалғым келіп, арт жағымды шолып үлгірдім. Ешкім жоқ, ешнәрсе жоқ. Бұл қас қаққанша дерлік, көз ілеспес сәтте болған оқиға. Бірақ, адам ойы одан шабан емес екен, мен де біраз нәрсені аңғарып қалдым. Арт жағым нық тірескен биік тас үйлер еді. Ұшып кеткендей біреуі қалмапты. Орындары қара тақтадай. Үлкен өрттерден, қаланың опар-топарын шығаратын жер сілкіністерінен, қара күйік үй қабырғалары, сорайған тұрба, шаң басқан ағаштар, құлаған үйлердің үйіндісі сияқты апат белгілері қалушы еді ғой, бұл жолы келген апат ешнәрсе қалдырмаған, жалап кетіпті. Айналаң тып-типыл... Әшейінде биік үйлердің тасасынан көріне бермейтін жүндес таулар өркеш-өркеш болып, ап-айқын көзіме шалынды. Таулар орнында екен» [5].

Газет материалына берілген ақпараттың растығын Отты шеңбердің ортасынан біртіндеп көтерілген түтін 3-4 секундтың ішінде 8 мың метр биіктікке жетті. Осыдан кейін, түтін 8 мың метр биіктікке жеткенде ол ақырындап көтеріле бастады және 12 мың метрге 30 секундтың арасында жетіп үлгерді. Артынша түтіннің бірсыпыра бөлігі аздап түссізденіп, бұлт арасына сіңіп кетті. Аспаннан қат-қабаттасып қалықтап мен көріп-білмеген жалпақ тақталар қулап келеді. Жүздеген

үйлердің төбелері дүр етіп бірден аспанға ұшып, енді жерге қайта құлап келе жатқандай. Өлденелер аспанда әлі қалықтап жүр.

Жалпақ тақталардың ара-арасында құлап келе жатқан адам денелері танылады. Олар да үй төбелерімен бірге ұшып кетіп, аспанда ажырасып, ауыр-жеңілге бөлініп, бөлек-бөлек құлай келеді. Кейбіреуінің құлашы керіліп кіреске ұқсайды. Енді біразын адамға тән дене белгілерінен танырлық. Тағы біраз адам аспанға енді көтеріліп барады. Мен бұл апатты доғадай иіліп тұрып көрдім. Басымды көтере беріп көрдім, тұра беріп көрдім, құлай беріп көрдім. Ес пен сезімнің апар-топар кезінде көрдім. Ақты қарадай, қараны ақтай сезінген кезінде көрдім. Қасыма түскен қара тас шоқтай қып-қызыл жанып жатқан кезінде көрдім. Әр жағы қараңғылық, әр жағы меңіреулік... тылсым.. [1].

Ғабит Мүсірепов «Тастың» әңгімесін образдылықтың - эстетикалық идеалдың шындық тұрғысынан қабылданған формасын көрсетеді. Сөздің образға енуі оның мағыналық өзгеріске түсуін бағалау функционалдық стильдердегі эстетикалық қызметін көрсету болып табылғандығын байқаймыз.

Мен қара мрамор, қара таспын. Адам қолынан өткен соң айнадаймын. Алдымдағының бәрін көремін, түгел көремін. Адам күнге қарай алмайды. Мен қарай аламын. Адам қызыға қарайды, қуана қарайды, қорқа қарайды. Мұның бірі де дұрыс көру емес. Менде ондайдың бір да жоқ, мен анық көремін. Мен түнде ғана көре алмаймын. Қара күйікте қыбыр-қыбыр тіршілік басталды. Быт-шыт болған, қуырылып қалған адам денелерін өртеп жүр. Адам өртенген ұясының орнын тазалап жүр. Біреудің қолын, біреудің басын, енді біреудің әлде неменесін тауып алып, шөмелелеп, үйіп өртейді. Менде естір құлақ болса, ең ауыр азап осы болды дер едім [1].

Монологы сөйлету екіншіден, бір стильден екінші стильдің сөз образдарының да үлес салмағын танып білуіне тікелей қатысын анықтап береді. Ақпараттың дәл берілуін сол газет бетінде берілген ақпараттармен саяды, баспалдақтар жарылыс ошағынан 250 метр қашықтықта орналасқан Сумитомо банктің (*Sumitomo Bank*) негізгі кіре берісі. Бәлкім, бұл кісі банктің ашылуын күтіп, жарылыс ошағына бетін қарата баспалдақта отырған. Жылулығы 1000 немесе тіптен, 2000 градус температурадағы жарқылдаған жарықтан адам көлеңкесін қалдыра тірідей өртеніп кеткен. Жарылыстан кейін 10 жыл өткенде барып көлеңкелер мүлдем жоғалып кеткен, алайда жаңбыр жауғанда біртіндеп байқала бастайды. Банкті қайта жөндеуден өткізген кезде барып, баспалдақтар Хиросима бейбітшілік мемориалдық мұражайына тапсырылды, - деп жазады [6].

Хиросима мен Нагасакиде болған бұл сойқан атом бомбасының ғасырлық үнін меңіреу қара тастың әңгімесі - өлілердің әңгімесі.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиетінде фантастикалық үрдіс арқылы заттар мен адамның мүшелерін сөйлету арқылы әлемдік құбылысты, адамзаттың қасіретнамасын, оқырмандаға ашып көрсеткен шынайы да,

ақпаратқа толы функционалдық стильге бай шығарма. Жаңа қырынан келу, бұл бүгінгі ұрпаққа жас әдебиетшілер мен журналистердің шеберлігін шыңдауға, ғылыми ізденісіне ізгілікті жол ашады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://kk.leskanaris.com/4240-what-is-a-synopsis-and-how-do-you-write-one.html>.
2. Ә. Ыбырайм. Стилистика және редакциялау. Алматы, 2015.
3. <https://massaget.kz/blogs/25767>.
4. <https://bilim-all.kz/article/5331-Hirosima-zhane-Nagasaki>.
5. Хиросима және Нагасаки - Тарих - - Bilim-all.kz [https://bilim-all.kz > article](https://bilim-all.kz/article).
6. <https://bilim-all.kz/article/6716-Tastyn-angimesi>.

### **5.9. Нұрғожа Ораз шығармаларының көркемдік ерекшеліктері**

#### **Жұмакүл Малгаждаровна Төлеужанова**

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.  
«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ (Қазақстан, Астана)

Нұрғожа Ораз әдебиеттің барлық жанрларында жемісті еңбек етті. Көрнекті қаламгердің «Тағдыр тәлкегінде», «Айыпкер кім?», «Алқа», «Мақпал кеш», «Шалғайдағы қырманда», «Жауқазын» шығармаларында кісі бойындағы жақсылық, адамгершілік, әділдік, достық тәрізді адами қасиеттер шынайы бейнеленеді. «Тағдыр тәлкегі» Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы мәселесіне арналған. Шығарманың бас кейіпкері Үсенғали қанша өнерлі, жігерлі болса да Жайық пен Маңғыстау арасындағы кең жазықтан өзіне лайықты орын таба алмай, қатты қиналады. Кейіпкер көпке дейін қоғам өміріндегі әлеуметтік мүдделер арасындағы қақтығыстарды дұрыс зерделей алмайды. Бірақ ауыртпалықты көп көріп есейген азамат тағдырдың ызғарын жібітерлік жарық сәулеге қарай талмай ұмтылады. «Алдарында айбар шашып көрініп тұрған жаулары да жоқ, сонда бұлар кіммен ұстаспақ, кіммен күреспек. Өзінің осындай таң-тамаша қалып келе жатқан жұмбақ жайын сұрауға ыңғайсызданады. «Жарайды, жұртпен бірге көрермін. Жұдырыққа келіп жатса біреуден кем түспеспін» - деп түйді де, көптің легімен алға адымдай берді» [2, 121.]. Шығармадағы кейіпкер монологынан әлеуметтік төңкерістер алдындағы қазақ елінің көңіл - күйі, тыныс- тіршілігі көз алдымызға келеді.

Қаламгер «Айыпкер кім?» шығармасында адамның психологиялық жай-күйін керемет дәлдікпен суреттейді. Оқырман қатал тағдырдың құрбаны бола жаздаған Алуамен бірге неше түрлі сезімдер күйін кештіреді. «Балалар үйінде жүрген кезімде, неге екені екені белгісіз, үш-

төрт рет орын ауыстырдым. Бірінен-біріне жылжыта береді. Әр орын ауыстырған сайын, жаңа ортаға үйрену қиын. Бұрынғы қалыптасып қалған өз тобында алатын орын, дәрежең текке қалады да, жаңа жердегі ұжымға кірігіп кетуің қиынға түседі» - дейді шығарма кейіпкері.» [2, 163.]. Шығарма оқырманды кісі өлтірушінің кім екендігі, оны жаман жолға түсірген қандай әлеуметтік жағдай, бұл ненің салдары деген сұрақтарға жауап іздетеді. Қаламгер оқырманына жалпы қылмыстың жасалуына қоғам, өзің өмір сүріп отырған орта да кінәлі екенін ұғындырады.

Бұл өмірде біреуге жасаған жақсылығың да, жамандығын да айналып өз алдыңнан шығады. Сондықтан адамға жамандық жасарда, жасаған ісіңнің кейін өзіңе қайта оралатынын ұмытпаған жөн. Ешнәрсе елеусіз кетпейді. Жазушы «Алқа повесінде» осы ойды терең ашып көрсетеді.

«Жауқазын шақ» шығармасындағы оқиғаның бәрі басты кейіпкер Назардың ішкі толғанысы арқылы қорытылып, сол арқылы өрбіп отырады. Шығармада басты кейіпкер Назардың оқуға бара жатқан кезі, оқуға түсуі, олардың сол кездегі дәстүр бойынша күзгі жиын – терім кезінде алыс ауылдарда астық жинауға көмектесу кезіндегі жұмыстары, алғашқы махаббаты суреттеледі.

Назар өнер жолында жүрген жалынды жас адам. Осы жолда оның өз қабілетін сынау жолдары шығармада өмір эпизодтары арқылы шынайы көрініс тапқан. Жас жігіттің бір ғана өмір кезеңі шығармаға арқау болған. Ол – Назардың жоғары оқу орнына түсуі, бірінші курстан кейін, ауылшаруашылық жұмыстарына барған уақыты. Сол уақытта ол әншілікке талпынады, артист те, әдебиетші де болғысы келеді, білімге де талабы бар. Анық тұрақтап ұстанған бағыты жоқ. Біздің көп жастарымызға тән өмірді кейіпкер де басынан өткізеді.

Жазушы Назардың бейнесі арқылы барлық оқиғаны ширықтырып отырады. Сонау оқуға түсуге барар кезде Ғалияны кездестіріп ұнату, студенттік кездегі өмірінде сүйген қызын іздеу, онымен кездесуді аңсау, ауылға көмекке барған кезде Ғалиямен дидарласуы, ыстық сезімге деген жас жүректің талпынысы шынайы суреттелген. Шығарманың өн бойына махаббат сезімі желі болып тартылып, шарықтау шегі оқырманға «Қап, әттегене – ай» дегізеді.

Шығарманың оқиғалық сарыны Назар, Сейпіл, Ғалия, кейіннен қосылған Құсан, әзілқой Жезде арасында өрбіп, олардың мінез – болмысын ашатын сюжеттік өрнекпен өріледі. Шығармадағы Құсан бейнесі – жастар арасында да білімін көтерудің орнына менменшіл, жақсылыққа жамандықпен жауап беретін адамдардың кездесетінін баяндайды. «Жезде» деп аталатын үлкен кісі жастардың тәрбиесіне жауапты екенін сезінбей, оларды керісінше жамандыққа баулиды, білдіртпей аңғал, ақкөңіл жастарды оңай сүріндіреді. Жазушы оның бейнесін көрсету арқылы әлі де болса ел ішінде кездесетін тілі мен жағына сүйенген, қолынан келері жоқ адамдарды мысқыл тілмен шебер суреттейді.



Кейіпкерлердің ішінде ерекше дараланған бейне - Сейпіл образы. Сейпіл он жылдықты ерте бітірген, үйлі баранды жігіт. Назар елден ерген жалғыз жолдасын жақын тұтып, оқу қиындығына жәрдемдесіп жүреді. Бірінші оқу семестрі аяқталып, Сейпіл ауылға кетеді. Назар қалада қалады. Алғашқы махаббатынан бір хабар болар деп досын асыға күтеді. Назар Сейпілді қысқы демалыстан келе жатқанда күтіп алғандағы ойы былай беріледі: «Мұндайда Сейпіл асыға ма? Арғы жақтағы купелер арасында жұрттың бәріне жол беріп, кібіртіктеп жүрген шығар. Оңынан келгенге де «пожалуйста», солынан келгенге де «пожалуйста» деп, мұрнының ұшы тершіп, екі езуін екі құлағына іліп алып тұрған шығар. Жұрттың асыққанында оның не шаруасы бар. Өзі өмірі асығып көрмеген адам». [2, 281.]

Ыржиып күле беріп, үнсіз құтылып кеткенімен, оның жан дүниесінде зор «нәрселер» жатыр. Үйлі - баранды болса да сұлу қызды жерлесіне қиғысы жоқ адам секілді көрінеді. Және де оның өне бойынан елден алысқа шықпағандық та көрінеді. Бұны бірінші курс студенттерінің көбісіне тән мінез деп қабылдауға болады. Бірақ жасының үлкендігіне, үйленгеніне қарамай білім алуға ұмтылуы құптарлық іс.

Бұл шығармада адал дос, ақкөңіл Көкен, Фая, Мәлік, Қадиша сынды қоғамдық өмірге белсене араласқан еңбекқор жастардың болуы да көңілді жайлантады [3, 4.].

Көкен баянда керемет ойнайтын, жігерлі жас. Фая – биші. «Жай кезде жұпыны ғана жүретін осынау қыздың әр қимылынан әсем саз еседі. Қыз көркін тамашалағандар алғаш көргенде «сүйкімді екен» дегеннен әрі бармап еді. Енді қараса жай ғана сүйкімді емес, әрбір көрерменнің жүрегін баурап алып, жаныңа музыка болып сіңіп барады. Көрдің бе, өне аққу білегі көтерілгенде аққудың мойнындай иіледі.» [2, 306.].

Ауыл жастары көмектесуге келген студенттермен бірлесіп концерт қояды. Қадиша ауылдағы сүт фермасында есепші болып жұмыс жасайды. Ән айтқанды жақсы көреді. «Бұрын Қадиша ән айтқанда тыңдаушысын онша еліте қоймайтын. Ал бүгінгі концертте Назардың жаттықтыруымен күлімсіреп, наздана тұрып айтып еді, сүйкімді, әсерлі шықты. Сахнаға төселген, ән табиғатын жанымен сезінетін әншілеріңнен бір кем емес.» [2, 309.] Назардың көмегімен концертте ән айтып, елдің қошеметіне бөленеді. Қадиша Назарға сүйіктісі Ғалиямен кездесуіне көмектеседі.

Қонақжай қазақ дәстүрін жастарға үлгі етіп отырған ерлі – зайыпты Назым мен Жақан сияқты маңайы жылылыққа толы жандар адам көңілін жақсылыққа шабыттандырады. «Назар кездескен сайын осы апасына таң қалады. Өмірі дауысын көтеріп сөйлеген емес. Шалқар көлдің айдынында маңғаз жүзген аққудай үй ішінде қалқып жүріп бар шаруасын тындырады. .... Сөйлеген сөзінде де артық кеткен не кем түскен жерін аңғарған емес.» [2, 284.], - деп Алматыға оқуға келгенде тоқтаған үйдегі Назым апайды аса бір мейіріммен суреттейді

Шығарманың өң бойындағы психологиялық монологтар кейіпкердің көзқарасы, жанындағы адамдарға берер мінездемесі кейіпкерлер бейнесінің жасалуына негіз болған [4, 3.].

Өз ғұмырын әдебиет ісіне арнаған ақынның тынымсыз еңбегінің арқасында артында шығармашылық мол мұра қалды. Ұлтының ұлы мұраттарына бойлап, бар ғұмырын соған арнаған ақын, жазушы, драматург, публицист Нұрғожа Ораз шығармаларының қазақ әдебиетіндегі ойып алар орны ерекше екені ақиқат.

#### **Әдебиеттер:**

1. Оразов Н. Тың түлегі. – Алматы: Жалын, 1984. – 250 б.
2. Оразов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Қазығұрт», Т. 3. 2007. - 334 бет.
3. Ақ бата - ақ тілектер // Сарыарқа. -1991. № 1.
